# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№22 (3750)
28 наурыз 2025

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АШЫҚТЫҚ СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

**Білім беру ұйымдарында сыбайласқан жемқорлық етек алып бара жатыр. Елімізде бұл салада жасалып жатқан ауқымды реформалар қауіпті үрдісті тамырымен жоя алмай отыр.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

СҰХБАТ

**Еркен ЖАҚАТАЙ,**
«СҚ-Фармация» ЖШС
басқармасының төрағасы:

## «4,7 МЛН ТҰТЫНУШЫ ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН»

***– Еркен Исаханұлы, халық денсаулығын жақсартуда өзіңіз жетекшілік ететін компанияның алдына ерекше міндет қойылып отыр. Халықты тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде қиындық жоқ па?***

– Бүгінгі таңда қазақстандықтар үшін тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету екі деңгейде қарастырылған. Біріншісі, стационарлық-ауруханаларда дәрі-дәрмекпен емдеу. Екіншісі, амбулаториялық-емханаларда рецепт бойынша дәрі-дәрмек алу.

Бұл тегін дәрі-дәрмектерді пациенттер үшін Бірыңғай дистрибьютор ретінде «СҚ-Фармация» ЖШС сатып алады. Сатып алу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) шеңберінде жүзеге асырылады. Осылайша, «СҚ-Фармацияның» негізгі миссиясы – ТМККК және МӘМС шеңберінде халықты дәрі-дәрмектермен үздіксіз қамтамасыз ету. Сондай-ақ отандық өндірісті қолдау және оның Қазақстан нарығына қатысуын арттыру болып табылады.

***– Дегенмен, оның қызметін әлі де шатастырып жүргендер бар ғой?***

– Дұрыс айтасыз, азаматтар Бірыңғай дистрибьютор жекеменшік дәріханаларға дәрі-дәрмек сатып алады деп ойлайды. Алайда бұл түсінік қате және іс жүзінде мүмкін еместігін атап өткен жөн.

Бірінші кезекте, «СҚ-Фармация» ЖШС стационарлық көмек шеңберінде медициналық ұйымдардан және амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан алынған өтінімдер негізінде дәрі-дәрмектерді сатып алуды жүзеге асырады. Медициналық ұйымдар дәрілік заттарға өзінің қажеттілігін дәрі-дәрмектің атауы, дозалары, концентрациясы, шығарылу формасы, көлемі сондай-ақ жеткізу кестелерін өздері айқындайды.

*(Жалғасы 5-бетте)*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# ТОҚПАҒЫ МЫҚТЫ БОЛСА, КИІЗ ҚАЗЫҚ ЖЕРГЕ КІРЕР

**Өркениетті даму жолындағы негізгі кедергінің бірі – сыбайлас жемқорлық. Тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік сипаты бар, өткір де күрделі мәселемен күрес толассыз жалғасып келеді. Дегенмен, нәтиженің көп көңілінен шықпай жүргені алаңдатады.**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес белгілі бір нәтиже көрсетіп, игілігін халық сезінбесе, қоғам мүшелері бұл жолда бірігуі неғайбыл. Бізде қоғамдық сипатқа ие болған «жұрттың бәрі істеп жатыр ғой» дейтін стереотип бар. Ең қатерлі кесапат – сыбайлас жемқорлыққа немқұрайлы қарау үйреншікті дағдыға айналуда. Бұл аталмыш қылмыстың күрделілігінің нақты дәлелі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясындағы ашықтық көптеген мәселелердің көлеңкелі жағын ашып берді. Осыған дейінгі сыбайластықпен күрестің де кемшіліктері анық біліне бастады. Оның үстіне адамзатты қамтыған жаһандану процесі жемқорлықтың да деңгейін кеңейтіп жіберуде. Өз тарапынан бұл үрдіс елдердің бірімен қарым-қатынасына, инвестициялық саясатқа қаяу түсіріп, еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізіп, артық шығынның өсуіне әкелуде. Қазір сыбайлас жемқорлықты қабылдауды барынша нөлдік деңгейге жеткізу жұмысы белсенді атқарылуда.

Айта кету керек, 2022 жылғы Конституциялық реформалар аясындағы демократиялық бағыттағы өзгерістер халық пен биліктің өзара сенімін арттыра түсті. 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы аясында ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір жолдауында қоғам дертімен күрестің маңыздылығына арнайы тоқталып келеді. 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында алда атқарылатын нақты жұмыстардың бір бағыты ретінде, «заң мен тәртіп үстемдік ететін қоғам құруымыз керек», – деп көрсетті.

Шын мәніндегі демократиялық қоғам, тең құқықтық қатынас орнатудың негізі – заң мен тәртіп қағидаты. Қағиданың тиімді іске асырылуы құқықтық мәдениетке тікелей қатысты. Құқықтық мәдениет – қоғам мүшелерінің заңдарды түсініп құрметтеуіне, орындауына, сақтауына бағытталған құндылықтар жүйесі. Оның деңгейін азаматтардың құқығы мен міндетін білуінен, заңдарды сақтап, әділдікке ұмтылысынан біле аламыз. Тұрғындардың құқықтық санасын дамыту, құқықтық мәдениетін арттыру – қылмыстың барлық түрін барынша төмендетудің, оның ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы.

Қылмысқа қарсы іс-қимыл әділетсіз жүретін болса, ол Сервантес кейіпкерінің жел диірменмен шайқасы сияқты күлкілі болып шығады. Ал демократиялық қоғамның басты белгісі – кез келген әділетті заң жүйесінің болуымен тамырлас. Бізде адамгершілік пен құқық арасы ажырап барады. Заңдардың «құрғақ» орындалуы басым бола түсуде. Халық әлдебір басшының, қызметкердің жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемелекеттік мекемеде жағдайдың енді қайталанбағанын көруі керек. Яғни, заңның орындалуы дәстүрлік деңгейге жеткен құқықтық менталитет болуы ауадай қажет. Ал біздегі құқықтық менталитет қалыптастырудың да негізгі кедергісінің бірі сыбайлас жемқорлықтың өзі. Құқықтық нигилизм деңгейінің төмендемеуіне де осы кеселдің қоғамдық сипатқа ие болуы ықпал етуде.

*(Жалғасы 2-бетте)*


**4-бет**

**Дроппер болудан сақтаныңыз!**

**6-бет**

**Коммуналдық қызметті дамыту қолға алынды**

**8-бет**

Жебір

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# ТОҚПАҒЫ МЫҚТЫ БОЛСА, КИІЗ ҚАЗЫҚ ЖЕРГЕ КІРЕР

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Тұрғындар тарапынан сыбайластық дертінің қоғам өміріндегі орнына келісушіліктің байқалуы қауіпті дағды. «Дерттің батпандап кіріп, мысқалдап шығатыны» белгілі. Санаға орныққан теріс пиғылды без сияқты сылып тастау қаншалықты қиын болғанымен, ол жолдағы жұмыстар ерік-жігермен жүргізіле беруі тиіс. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірер» деген рас. Сыбайлас жемқорлықты барынша төмендету біздің қолымыздан келетініне сенімді нығайту шарт. Осы жолда билікке қоғамдық мүддені нығайту тетігі ретінде қарағанымыз жөн. Халық пен билік екі категория болғанымен, екеуі біртұтас дүниенің қос құрамдас бөлігі. Бізде заңдық база, органдар, жоспар сияқты барлық тетіктер бар. Құзырлы органдар да сыбайластықпен күресте сыбайластық болмауына көп күш салуда. Алайда, табандылықтың жетіспейтіні байқалады.

Бізде «коррупционный риск» сөзі «сыбайлас жемқорлық тәуекелі» деп аударылады. Қазақта «тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің» деген мақал бар. «Тәуекел» деп – алға қойған әрбір істі орындауда батылдық танытуды және оған сеніммен қарауды айтады. Орыстарда «Кто не рискует, тот не пьет шампанское» деген де мақал бар. Меніңше, тәуекел сөзінің орнына «қауіп» деген сөзді пайдалану керек. Адамдардың қауіптен сақтанатыны заңдылық.

Қолданыстағы заңдардың да оқылымдылық сапасы жақсы болғанда, кателесу азаяды. Заң тек жазалау үшін емес, ең алдымен құқықтық тәрбие беру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін маңызды. Әрбір Қазақстан азаматы қиын кезде өздеріне көмекке келетін әділетті заңы бар екеніне сенімді болғанда, көңілі орнықты болады. Әрине, әрбір адамның бойында зор моральдық күш те, орасан ерік-жігер де бар екені белгілі. Бірақ сол күшті жеке пайдаға басымдық беру арқылы кейде шектейміз. Осы көзсіз жеке бас пайдаға ұрынудың арты әлсіздік пен сорлылыққа жол береді.

Мемлекет бай болуы үшін әрқайсысымыз байлыққа халық сеніп тапсырған аманаттың арқасында емес, адал еңбек арқылы жетуіміз керек. Әл-ауқат, байлық, тоқшылық жақсы ғой, жан бағу емес, арды сақтау, рухани жұтамау одан да жақсы. Адал адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды. Қоғамның рухани құндылықтарынан материалдық құндылықтардың басым бола түсуі жемқорлықтың бірден-бір бастауы деп айтуымызға болады. Қылымсып бастап, қылмыспен аяқтап жатқандарды көріп жатырмыз ғой.

> *Бізде «коррупционный риск» сөзі «сыбайлас жемқорлық тәуекелі» деп аударылады. Қазақта «тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің» деген мақал бар. «Тәуекел» деп - алға қойған әрбір істі орындауда батылдық танытуды және оған сеніммен қарауды айтады. Орыстарда «Кто не рискует, тот не пьет шампанское» деген де мақал бар. Меніңше, тәуекел сөзінің орнына «қауіп» деген сөзді пайдалану керек. Адамдардың қауіптен сақтанатыны заңдылық.*

Жеке мүддені бәрінен жоғары қою – қоғам алдындағы ар-ождандық жауапкершілікті ұмыт қалдыра бастайды. Адалдық, ар-ождан, ұят – әділдіктің бастауы. Адамгершілігі зор адам үшін ресми айыптан гөрі, қоғам тарапынан жасалған айыптар әлдеқайда ауыр. Адамның байлығы – жинаған мал-мүлкінде емес, оның жеке басының адами қасиеттерінде. Қоғам, халық, мемлекет алдындағы ар-ұятымызды, ұлттық намысымызды, ұлттық рухымызды шыңдау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыра аламыз. Рухани-адамгершілік, құқықтық негізге сүйенбей тиімді нәтижеге жете бермейміз.

Әрине, нарық заманында меншіктің әралуандылығы мүдделер бәсекелестігіне әкеледі. Салауатты бәсекелестікпен қатар, рухани бейбастықтарды да тудырады, адамгершілік пен гуманизм өзегіне құрт болып түседі, саясатқа да ауыз салады. Биліктің моральдық-іскерлік қабілетіне баға да әділетсіз бола бастайды. Сондықтан да адамгершілік пен заң арасындағы алшақтықты барынша азайтпасақ, құқық пен міндетке деген көзқарас әлсірей түседі. Нәтижесінде 1968 жылы эколог Гаррет Хардин енгізген «қауым трагедиясы» теориясымен бетпе-бет келеміз.

«Қауым трагедиясы» ортақ жайылымның шөбін көршімнің малы көбірек жейді деп ойлап, өзінің барлық малын есепсіз жайылымға жіберіп, екеуі де жайылымнан айырылудан шыққан. Сыбайлас жемқорлықта да «бәрі істеп жатыр ғой» деген түсініктің қасіреті осында. Сондықтан, әділетті қоғамды ортақ жайылым сияқты жоғары моральдық құндылықтар, құқықтық келісім және азаматтық белсенділікпен қорғауға тиіспіз.

**Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,**
**Парламент Сенатының депутаты**

МІНБЕР

**«Заңнама – ақылдың дауысы, ал судья заңның дауысы болуы керек» деген екен данышпан Пифагор. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген ежелгі рим ойшылының осы бір сөзі судьяларға қойылатын талаптың қай кезде де, қай заманда да жоғары болғанын аңғартады. Әділдіктің өлшемі, туралықтың тірегі саналатын соттың қызметін жандандыру, судьялардың білімі мен білігін арттыру бойынша жұмыстарды жетілдірудің үнемі назарда ұсталатыны да сондықтан.**

# ӘДЕП КОДЕКСІ – СУДЬЯЛАРДЫҢ БЕТКЕ ҰСТАЙТЫН БАҒДАРЫ

Халықтың сотқа деген сенімін нығайтып, заң үстемдігін орнатуда судьяның білімі мен тәжірибесіне ғана көңіл бөлу аздық етеді. Мемлекеттің бет-бейнесіне айналған судьялардың қызметте ғана емес, қызметтен тыс кездегі іс-әрекеті, кісілік келбеті, парасат пайымы да атқарып отырған жоғары мәртебесіне сай болғаны міндет. Судьялардың Әдеп кодексін қабылдап, ондағы талаптарды үнемі жаңғыртып отыру да осындай қажеттіліктен туындағаны белгілі.

Жалпы, сапалы, сауатты құжат дайындауда өркениетті елдердің тәжірибесіне жүгініп, жағымды қырларын үлгі еткеннің артықтығы жоқ. Тек құжатты тұтастай көшіріп алуға жол бермеу керек. Себебі бір елде өзін ақтаған заңнаманың келесі елде сенімнен шығуы екіталай. Бір мемлекет пен екінші мемлекеттің болмыс-бітімі бөлек болғандықтан, әр құжатта ұлттың менталитеті, мемлекеттің дамуы, келер күнге белгілеген жоспары ескерілуі керек. Жаңа Әдеп кодексінде осындай ерекшеліктердің есте ұсталғаны қуантады.

Судьялардың Әдеп кодексінің жобасын талқылауға қазылармен қатар, адвокаттар, заң кеңесшілері, ғалымдар, БАҚ өкілдері де белсенді қатысқанын атап өткен орынды. «Сырт көз сыншы» демекші, жаңа кодекстегі кемшіліктер әріптестерге білінбегенімен, өзге сала өкілдеріне жаңашылдықтар өзгеше көрінуі мүмкін. Сондықтан, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, көпшілікпен бірігіп жасалған құжаттың көптің көңілінен шығарына сенім зор.

Республика судьяларының IX съезінде қаралған Әдеп кодексі бүгінде кең қолданыста. Қазақстандық қазылардың бағдарына айналған құжат судьяларға әдептілік қағидатын сақтап, кәсіби қызметте де, күнделікті өмірде де басқа адамдармен қарым-қатынасты жақсартуға септігін тигізуде. Сонымен бірге, Әдеп кодексіне сүйенген судьялар сот төрелігін құқықтық негізде ғана емес, әдептілік қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асыруда.

Судьялардың XIX съезіне қатысып, сот жұмысын оң бағалаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та судьялардың жаңа Әдеп кодексін қабылдауын қолдады. Қазылар алдында пайымын айтқан Президент: «Жалпы, судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті Сот жюриі тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл», – дей келе сот корпусына жоғары міндеттер жүктеді.

Әдеп кодексі соттардың тәртібінде биік стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түседі. Әдептілік әліппеміз Венециялық комиссияның оң қорытындысын алғанын да мақтанышпен атауға болады. Құжатты дайындау барысында ешбір пікір, ұсыныс назардан тыс қалмады. Талқыға барлық судьялар корпусы қатысты. Жобаны талқылауға Судьялар одағының филиалдары мен азаматтық қоғам өкілдері белсенділік танытты. Барлық пікірлер мен ұсыныстарды жұмыс тобы жинақтап, барлық судьялар ұстануы тиіс мінез-құлық нормалары мен принциптерін мұқият зерттеп, жинақтады.

Кодекстегі жоғары стандарттар судьяларға өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалауға және олардың тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтірмеуге бағытталған. Осының өзі қоғам үшін судьялардың терең білімі мен құзыреттілігі ғана емес, сонымен қатар жоғары процессуалдық мәдениеті де өте маңызды екенін аңғартады. Ең бастысы Әдеп кодексіндегі биік нормаларды ұстанған судьялар өз қызметін моральдық-этикалық қағидалар негізінде құра отырып, сотқа деген сенімді нығайтады. Кодексте айқындалғандай, судья берген антына берік болып, кез келген іс-әрекетті жүзеге асырған уақытта оғаш көріністерге жол бермей, судья лауазымына лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс. Сондай-ақ судья сот билігінің беделін түсіретін және судьяның абыройына нұқсан келтіретін барлық теріс іс-әрекеттен бойын аулақ ұстауы шарт.

Кодекс судьяларға қойылатын талаптарды күшейтіп, олардың сот төрелігін жүзеге асыру барысындағы ғана емес, отбасында және тұрмыста өзін ұстау әдептерін белгілеуімен құнды болып отыр. Егер судья отбасындағы, қоғамдағы теріс әрекетімен айналасында өзі туралы жағымсыз пікір қалыптастыратын болса, мұндай судьяның шығарған шешім, үкімі заңды, негізді болғанына қарамастан, халықтың сенімсіздігін тудыруы әбден мүмкін. Ал Әдеп кодексі судьялардың әдептілік айнасы ретінде мойындалуына, сотқа қатысты жағымды имидждің орнығуына септігін тигізері талассыз.

**Сәуле ӨТЕГЕНОВА,**
**Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы**

ҚАҒИДА

# СОТҚА ЖҮГІНУ МЕХАНИЗМДЕРІ

**Азаматтар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінеді. Сотқа жүгіну – әрбір азаматтың заң бұзылған жағдайда әділеттілікті талап етуіне, өз құқықтарын қорғауына мүмкіндік береді. Конституцияның 13-бабына сәйкес, әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқылы.**

Сотқа жүгіну процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар және әрбір іс қаралатын сот ісінің түріне байланысты жүзеге асырылады. Сотқа жүгіну арыз беруден басталады. Арыз түскеннен кейін сот судьясы істі қарауға қабылдап, дайындау кезеңінде тараптарға сотқа келу туралы хабарлама жібереді, дәлелдеме сұратады, қосымша құжат талап етеді.

Бұл кезеңде тараптар сотқа өз дәлелін және қарсы дәлелін ұсынады, сонымен қатар қосымша куәгерлер шақырып, сараптама жасау мүмкіндігі беріледі. Сот талқылауы барысында тараптар өз құқығын қорғайды және өз талаптарын негіздейді.

Сот талқылауынан кейін судья азаматтық іс бойынша шешім шығарады. Шешімде талаптарды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту, мүліктік немесе моральдық шығындарды өтеу, құқықтарды қалпына келтіру туралы шешім шығарылады. Осы секілді әкімшілік, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы арызбен сотқа жүгіну механизмі сәйкесінше Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен, Қылмыстық-процестік кодексімен реттеледі.

Әскери сотқа жүгіну механизмі жалпы сотқа жүгіну тәртібіне ұқсас, бірақ белгілі бір ерекшеліктері бар. Қазақстан заңнамасына сәйкес, әскери соттар әскери қызметшілердің және басқа да заңмен көзделген тұлғалардың қатысуымен туындаған істерді қарайды. Әскери сотқа әскери қызметшілер, әскери қызметке байланысты құқықтары мен мүдделері бұзылған тұлғалар, мүдделері әскери қызметке қатысты мемлекеттік органдар немесе заңды тұлғалар жүгіне алады. Іс әскери сотта жалпы тәртіппен қаралады, алайда сот іс жүргізу кезінде әскери құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін ескереді.

Әскери сотқа жүгінудің нақты механизмі мен тәртібі Әкімшілік іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу, Қылмыстық-процестік кодексінде және Әскери соттар туралы арнайы заңдарда қарастырылған. Сот актісімен келіспеген тарап апелляциялық немесе кассациялық шағым бере алады. Бұл сот жүйесінде әділдік пен заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін маңызды тетік болып табылады.

Кез келген сот актісі құқықтық салдар туғызады және оны заңды күшіне енген соң барлық тараптар орындауға міндетті.

Сотқа жүгіну механизмдерінің айқын және нақты реттелуі азаматтардың құқығын қорғаудың тиімділігін арттырады. Құқықтық рәсімдердің ашық әрі түсінікті болуы азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

**Балжан БЕКБОЛАТОВА,**
**Алматы гарнизоны әскери соты әкімшісінің бас маманы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АШЫҚТЫҚ СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Осы сәрсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Үкіметке жолданған депутаттық сауалдардың бірі осы өзекті мәселеге назар аудартты. Дәстүрлі жиында депутаттар тарапынан бұдан өзге де маңызды мәселелер көтерілді. Алдымен аталған жайға тоқтала кетейік.

### Білім саласы – парақорлық ордасы

Еліміздің білім саласын жайлаған жемқорлық жайлы нақты фактілерді ортаға салған Темір Қырықбаев бастаған депутаттар болды. Олардың айтуынша, 2023 жылдың басынан бері білім беру саласында 303 қылмыстық іс тіркеліп, бұдан келген шығын көлемі 17,5 млрд теңге болыпты. Көп қаржы жымқыру фактісі Жетісу, Түркістан, Қызылорда, Алматы облысында және Алматы қаласында анықталған. Бұл аймақтарда қаржылық бақылаудың әлсіздігі байқалады. Жемқорлық фактісі бойынша 249 адам жауапкершілікке тартылған. Олардың арасында 10 білім бөлімінің басшысы, 2 колледж директоры, 28 мектеп директоры, 21 балабақша басшысы және 136 есепші бар.

*2023 жылдың басынан бері білім беру саласында 303 қылмыстық іс тіркеліп, бұдан келген шығын көлемі 17,5 млрд теңге болыпты. Көп қаржы жымқыру фактісі Жетісу, Түркістан, Қызылорда, Алматы облысында және Алматы қаласында анықталған. Бұл аймақтарда қаржылық бақылаудың әлсіздігі байқалады.*



Педагогикалық кадрды іріктеудің жаңа ережесі енгізілгеніне қарамастан, бұрынғы заңсыздықтарды айналып өту және жемқорлық тәуекелін тудыру мүмкіндігі сақталуда. Халық арасында мектепке жұмысқа орналасу үшін директорға немесе басқарма қызметкеріне «заңсыз сыйақы» беру қажет деген қауесет желдей есіп жүр. Өйткені оңтүстік өңірде жұмыссыздық статистикада көрсетілгеннен әлдеқайда жоғары. Ауылдық жерлерде мектеп, балабақша, клуб үйінен басқа жұмыс көзі тапшы. Сондықтан мұғалім болуға талпынатындар тым көп. Тіпті лаборант немесе техникалық қызметкер болу үшін де пара беру фактілері бар. Сонымен қатар, қызметкерлердің жұмыстан шықпау үшін жалақысының бір бөлігін беретіні де белгілі болып отыр. Осы жайлы айта келіп, депутат Қырықбаев үкіметке «Электрондық мектеп» сынды электрондық жүйелерді енгізіп, білім беру саласындағы кадрларды басқарудың бірыңғай электрондық базасын құруды тездету, жұмысқа орналасу процесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, педагогикалық кадрларды іріктеудің ашық және әділ жүйесін қамтамасыз етуді ұсынды.

### Кедендегі көлеңкелі бизнес

«Ақ жол» фракциясының депутаттары көтерген мәселеге де осындай сыбайласқан жемқорлық әрекеттер өзек болды деуге болады. Ол бүгінде ел аузындағы қосымша құн салығына бағытталды. Осы міндетті төлемді көтеру арқылы бюджет тапшылығын жоймақ үкімет кедендік рәсімдеусіз, контрабандалық жолмен келіп жатқан тауарлардың қосымша құн салығын назардан тыс қалдырған сыңайлы. Мәселен, ашық дереккөздерде 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстаннан Қытайға импорттың кедендік статистикасында 13 миллиард 750 миллион долларды құрайтын рекордтық алшақтық анықталғаны туралы деректер жарияланыпты. Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан бюджетіндегі осы «көлеңкелі импорт» бойынша ҚҚС-тың алынбай қалған үлесі 1,5 миллиард долларды немесе төленбеген кедендік баж салығын айтпағанда, 850 миллиард теңгені құрайды. Осыған орай, бюджет тапшылығын еңсеру мәселесін талқылау аясында «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы Қытайдың кедендік статистикасымен 13,75 миллиард долларды құрайтын сәйкессіздіктер себебі туралы Үкіметтің ресми ұстанымын білдіруін сұрады. Сонымен қатар олар контрабандаға қарсы күресті күшейту және бюджетті толықтыру мақсатында импортты толық пайдалану үшін Үкімет қандай шараларды қолға алатынын, осы шаралар нәтижесінде ҚҚС пен импорттан түсетін өзге төлемдерден мемлекетке қосымша қандай сома түсетінін білгісі келеді. Өте орынды талап.

### Ана мен бала өлімі алаңдатады

Тағы бір өзекті мәселені депутат Нартай Аралбай көтерді. Ол ана мен баланың өміріне қатысты болды. Ол елімізде дүниеге ұрпақ әкелу үшін перзентханаға аттанған қаншама ананың шаранасымен бірге о дүниеге аттанып жатқанын ашына айтты. Бәрін нақты деректерге сүйене отырып жеткізді. Депутаттың келтірген мәліметтері бойынша 2019 жылы Қазақстанда 3360 сәби, 2020 жылы 3286 сәби, 2021 жылы 3732, 2022 жылы 3154 нәресте, 2023 жылы 2998 сәби шетінеп кеткен. Ал, 2024 жылы 2598 нәрестені ата-анасы құндақтаулы күйінде мәйітханадан алып шығуға мәжбүр болған. Ресми органдар сәби өлімінің азайғанын айтады. Солай бола тұра соңғы жылдың өзінде 2 жарым мың нәрестеден айырылып қалу деген жайбарақат қарайтын жағдай емес. Сәби өлімі әсіресе, 5 облыста, яғни, Абай, Ақтөбе, Алматы, Жетісу, Ұлытау облыстарында көп. Сол секілді ана өлімі де жыл сайын артып барады. Соңғы 6 жылда Қазақстанда 563 ана босану үстінде көз жұмған. Ана өлімі әсіресе, Жетісу, Қостанай, Ұлытау мен Ақтөбе облыстарында көп. 2024 жылдың қорытындысы бойынша көз жұмған аналардың 54%-ы қалада, 46%-ы ауылда тұратыны белгілі болды. Өзекті өртей түсетіні 4 немесе одан да көп баласы бар әйелдердің босану кезінде қайтыс болуы жиілеген. Осының бәрі денсаулық сақтау саласындағы шешімін күткен проблемаларды көлденең тартады. Басқасын былай қойғанда Астана қаласындағы перзентханаларда 550 төсек жетіспейді. Оған қоса маман жеткіліксіз. Елімізге 389 акушер-гинеколог керек. Перзентханаларда 1679 акушер-гинеколог жұмыс істесе, оның 560-ы ғана (35%) ампутация жасай алады екен. Ал акушерияда операциялық техниканың барлық түрлерін тек 438 дәрігер ғана (21%) орындай алады. Бұл үлкен проблема. Ана өлімінің негізгі себебі осыдан көрініп тұр.

Тағы бір түйткіл – еліміздегі кей перзентханалар халықаралық талаптарға сәйкес келмейді, инфрақұрылымы нашар, ғимарат әбден тозған. Мысалы, бірнеше орталықта УДЗ, КТГ аппараттары, анестезия аппараттары, ҚСТ анализаторлары, СМАД аппараттарына қол жетпей отыр. Аралбай мырза осылар жайлы айта келіп, ана мен бала денсаулығына тікелей жауапты перинаталдық орталықтар мен перзентханалардағы дәрігерлердің, санитарлардың, техникалық мамандардың айлығын көтеру керектігін мәлімдеді. Депутаттың айтуынша, олар осы жалақының төмендігі салдарынан жеке секторға кетіп жатыр.

Өңірлерге мықты дәрігерлерді тарту үшін бір реттік көтермеақы мен арнайы тұрғын үй бағдарламасын іске қосу қажет. Мықты мамандарды даярлау үшін балалар бейіні бойынша кафедраларды қалпына келтіру керек. Облыс орталығынан шалғайдағы ауылдық жерлерде және аудандарда жүктілігі ауыр өтіп жатқан әйелдерді алдын ала емдеуге арналған пансионаттарды дереу салу да кезек күттірмейтін мәселе. Себебі алыстағы ауылдан толғақ қысқан ананы орталыққа әкелгенше түрлі жағдай орын алуы мүмкін.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

САРАП

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбатында: «Әділеттілік қағидаттарын бүкіл қоғамда кеңінен енгізу қажет, халық бірлігін қорғау – «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасының негізі» деп атап өтті.**

# ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Президент айтып өткендей, «Заң және Тәртіп» қағидаты дамыған демократияның іргетасы және құқықтық мемлекеттің негізі.

Осы тұжырымдама аясында есірткі заттарының заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарға қарсы ықпал етуге қатысты кейбір сұрақтарды түсіндірген жөн.

Есірткіқұмарлық қоғамды алаңдатып отырған ең көкейтесті проблемалардың бірі, ал аса қауіпті қылмыстардың қатарына есірткі сату саудасы кіреді, өйткені бұл зиянды әдетке азаматтар көптеп тартылуда, әсіресе, жастар мен балалар арасындағы жағдай алаңдаушылық тудырады.

Біздің мемлекетіміз есірткіге қарсы халықаралық жобалардың көбіне қатысады, елімізде халықаралық операцияларды ұйымдастыруға, транзиттік арналарды жоюға және ұлтаралық қылмыстық топтардың жолын кесуге қажетті құқықтық құралдар құрылған.

Мемлекет заңнамалық сипаттаманы қоса алғанда, бұл зұлымдықтың таралуымен тиімді күресті ұйымдастыру үшін рет-ретімен шаралар қабылдануда. Нақты айтқанда қаңтар айында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Ол Президенттің 2024 жылғы 15 наурызда Ұлттық құрылтайда айтқан есірткі өндіру мен өткізуді ұйымдастырушыларға жауапкершілікті қатаңдату, ал есірткіні жасырын орналастырушыларға қолданылатын шараларды жұмсартуды қарастыру жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталды. Атап айтқанда ҚР Қылмыстық кодексіндегі есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымын реттейтін 297-бабына өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер 6 наурыздан бастап күшіне енді. Өзгерістер қылмыстық жауапкершілікті жіктеуге бағытталған, бұл есірткі қылмысына қарсы күресті тиімдірек жүргізуге мүмкіндік береді. Енді қылмыстық заңнама заңсыз есірткі айналымына қатысушыларды олардың қылмысқа тартылу деңгейіне қарай нақты бөледі. Маңызды жаңашылдықтардың бірі – есірткіні жасырын орналастырушылар үшін жаза мерзімінің төмендеуі.

Аталған қылмысқа тартылғандардың, яғни есірткіні жасырын орналастырушылардың көбі жасөспірімдер мен жастар болып отыр. Олар есірткіні өздері дайындамайды, көбіне есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылардың қылмыстық құрығына ілініп қалады.

Егер бұрын есірткіні заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау және сатқаны үшін мән-жайларға байланысты 5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылса, енді бұл мерзімдер төмендетілді. Мысалы, ең төменгі жаза мерзімі 10 жылдан 8 жылға дейін, ал ең жоғары жаза мерзімі 15 жылдан 12 жылға дейін азайтылды. Дегенмен, лауазымды тұлғалардың есірткі таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілігі қатаңдатылды.

Егер бұрын олардың мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылса, енді мүлкі тәркіленіп, 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Бір мезгілде жаңа 297-1-бап енгізілді, ол есірткі өндірісі мен өңдеуді жеке реттейді. Мұндай қылмыстарға енді мүлкін тәркілеп, 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, адамдар тобымен жасалса 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру секілді қатаңырақ жаза қарастырылған. Егер қылмысты лауазымды тұлға қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, жаза 20 жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруды қамтуы мүмкін. Бұған қоса, заңмен есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында басқа да шаралар қабылданды. Осы мақсатта қылмыстық топпен және аса ірі мөлшерде құрамында есірткі заттары бар және өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді.

Прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттардың, сондай-ақ есірткі, прекурсорлар, улы және күшті әсер ететін заттарды өндіруге пайдаланатын заттардың, құралдар мен жабдықтардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Сонымен қатар, заңда есірткі тектестер, психотроптық заттар, сондай-ақ прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттарды қолдану ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленді.

Атап өтетін жағдай, қазіргі уақытта біздің қаламыздың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жаңа заң бойынша әрекеті сараланған 100-ден астам адам жазасын өтеп жатыр. Осыған орай оларға қатысты Қылмыстық кодекстің 6-бабы қолданылуға жатады, сәйкесінше бұл олар үшін жаза мерзімін қысқарту, шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруды қолдану мүмкіндігін тудырады, демек мемлекет тарапынан адамгершілік әрекетті куәландырады.

Қазақстан Президенті есірткі қылмысына қарсы күресті күшейтуді, жекелеген ұсақ орындаушыларды жазалаумен шектелмей, ұйымдасқан қылмыстық топтарды анықтауға және жоюға басымдық беруді, яғни есірткі саудасының қаржылық көзін жоюды тапсырды.

Бұл санаттағы қылмыстар жасырын, әккілік сипатта, сондықтан қылмыстық құдалау органдарынан, арнайы техникалық құралдармен жабдықтауды қоса алғанда, жедел-іздестіру қызметі саласында, анықтау және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу бөлігінде қылмыстық-процестік заңды жақсы білу мен дұрыс қолдануды қажет етеді.

Енгізілген өзгерістер есірткінің заңсыз айналымымен күрес тиімділігінің артуына және қылмыстық әрекеттің салдарын жетік түсінбей қылмыстық қызметке бой алдырған адамдарға түзелуге мүмкіндік беруді қамтамасыз ете отырып, жаза қолданудың мейлінше әділетті жүйесін құруға алып келеді деп күтіледі.

**Талғат ӘЛІБАЕВ,**
**Ақтөбе облысы**
**прокурорының**
**бірінші орынбасары**

ОҢ ҚАДАМ

# ӘКІМДІК ҒИМАРАТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

**Қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен Алматы әкімдігінің ғимараты қайта жаңартылып, толықтай қалпына келтірілді. Жөндеу жұмыстары барысында нысанның тарихи сәулеттік келбеті сақталды, сонымен қатар заманауи құрылыс стандарттары ескерілді. Құрылыс кезінде тек қана қалпына келтіру емес, ғимараттың қауіпсіздігін арттыруға да басымдық берілді.**

Біріншіден, сейсмикалық төзімділігі күшейтілді. Алматы – жер сілкінісі қаупі жоғары аймақтардың бірі болғандықтан, ғимараттың құрылымдық беріктігі басты назарда болды. Екіншіден, өрт қауіпсіздігі шаралары жетілдіріліп, жаңа қауіпсіздік жүйелері енгізілді. Бұл өзгерістер мемлекеттік мекеменің жұмысын үздіксіз әрі қауіпсіз жалғастыруына мүмкіндік береді.

Ғимараттың қасбеті де ерекше назарға алынды. Сыртқы безендіруде ұлттық нақыштағы шаңырақ бейнесі қолданылды, бұл бірліктің, тұтастықтың символы болып табылады. Ғимараттың ішкі дизайны заманауи әрі қолайлы етіп жасалып, келушілер үшін ыңғайлы жағдайлар қарастырылды.

Бұл өзгерістер қала әкімдігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Алматы қаласының тұрғындары мемлекеттік мекемеге келіп, қажетті қызметтерді бұрынғыдан да ыңғайлы түрде ала алады.

**С.АСҚАР**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

# ЗАҢ ТӘПСІР

№ 22 (3750)
28 наурыз 2025 жыл
zangazet@mail.ru

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

**Соңғы уақытта Қазақстанның сот саласында елеулі өзгерістер орын алуда. Соның ішінде қоғамның қарқынды дамуы тиімді және ашық әкімшілік әділет институтының қолға алынуына түрткі болды. Себебі азаматтардың мемлекетке, сотқа деген сенімін нығайтудың бірден-бір тетігі мемлекеттік органдардың әрбір шешімінің заңдылық пен әділдікке негізделуімен өзектес.**

# ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІҢ БІРКЕЛКІЛІГІ – ЕЛ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

Әкімшілік соттардың құрылып, ӘРПК-нің тәжірибеде кең көлемде қолданылып келе жатқанына да үш жылдан асты. Осы жылдар ішінде әкімшілік юстиция қоғамға әділ, тиімді және қолжетімді екендігін толық дәлелдеді. Сонымен бірге бұл институт дауларды тек мемлекет пен мемлекеттік органдардың пайдасына шешу туралы қоғамда жылдар бойы қалыптасып қалған қасаң стереотиптерді өзгертті.

Мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне шағымданған азаматтардың көп жағдайда сотта жеңіске жетуі әкімшілік әділеттегі тенденцияның айтарлықтай өзгергенін аңғартады. Жоғарғы Сот ұсынған статистика көрсеткендей, республика соттарында мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне және әрекетсіздігіне шағымданушылардың 60 пайызға жуығының талабы қанағаттандырылғанын аңғаруға болады. Осының өзі жылдар бойы ескі ережелермен жұмыс істеген мемлекеттік аппарат пен Үкімет басшылығының қызметін жүйелеуге серпін бергені анық.

Әкімшілік әділет институтының мемлекетке әкелген жаңашылдығы мен оң әсері аз емес. Біріншіден, осы институттың қолға алынуы отандық заңнама базасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен толығуына ықпал етті. Бұл құжат мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтардың заңдық құқығы мен мүддесін теңестірген маңызды құжат ретінде мойындалды. Екіншіден, әкімшілік сот алаңында азаматтар мен бизнестің мәселелерін шешу арқылы мемлекеттік органдар мен шенеуніктердің жұмыс сапасын арттыруға қолжеткізілді. Себебі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енбей тұрып, мемлекеттік органдардың мықты ресурсы мен пәрменінен қорыққан жеке және заңды тұлғалар сот арқылы құқығы мен мүддесін қорғауға батылы жете бермейтін.

Ал жаңа заң халыққа сенім берді. Соның арқасында сотқа жүгінетіндер саны артып, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардағы кемшіліктерді айқындауға, қателіктерді дер кезінде жоюға көмектесті. Алдағы уақытта мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау тетігі ретінде әкімшілік соттардың шешімдері назарға алынса, құзырлы органдар кемшілікті жойып қана қоймай, азаматтарға сапалы қызмет етудің мүмкіндіктерін барынша қарастыратын еді.

*Алдағы уақытта мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау тетігі ретінде әкімшілік соттардың шешімдері назарға алынса, құзырлы органдар кемшілікті жойып қана қоймай, азаматтарға сапалы қызмет етудің мүмкіндіктерін барынша қарастыратын еді.*

Қазіргі уақытта кодекс «халықтық» сипатқа ие болды. Осы жаңашылдықтың арқасында азаматтар мен бизнес өздерін қауіпсіз сезіне бастады. Қазақстанда инвесторлар үшін жақсы іскерлік ахуал қалыптасуда. ӘРПК қабылданғанға дейін ешкім мемлекеттік органдармен татуласуға болатынына сенбейтін. Алайда республика бойынша қалыптасқан статистика әкімшілік дауларды шешуде татуластыру рәсімдерінің жыл өткен сайын көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл да болса бастаманың дұрыстығын көрсететін бірегей қадам.

Ендігі жерде сот шешімдерінің сапасын арттырып қоймай, біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру міндет. Сондай-ақ әкімшілік рәсімдер мен актілердің біркелкілігі қағидасын заңнамалық тұрғыдан бекіту маңызды. Бұл түзетулер мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етуге және олар шығаратын актілердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде Үкімет қаулысымен әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі әкімшілік органдардың қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілген.

Ережелер әкімшілік актілер мен әкімшілік практиканы қамтитын әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру тәртібін анықтайды. ӘРПК-нің 15-1-бабына сүйене отырып қолға алынатын бұл іс-әрекеттердің нәтижесі халық көңілінен шығары анық. Себебі әкімшілік практиканың біркелкілігін қалыптастыру құқықтық сенімділікті нығайтудың, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың, әкімшілік рәсімдерді оңайлату және оңтайландырудың, сондай-ақ әкімшілік органдарға деген сенімді арттырудың кепілі болып табылады.

**Меруерт ТОҒЫЗБАЕВА,**
**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

## ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

# ДРОППЕР БОЛУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Алаяқтардан айла артылмай келеді. Қылмыстың алдын алып, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру бағытында қаншама ауқымды жұмыстар жүргізілгенімен, алаяқтардың қақпанына түсетіндер әлі де көп. Ғаламтор мен әлеуметтік желі тұтынушыларының өсуі, онлайн қызметтердің жандануы бүгінде жаңа алаяқтық қылмыстардың пайда болуына ықпал етуде. Қашықта отырып-ақ азаматтарды алдап, ақшасын олжалап жүрген алаяқтар «дропперлер» қызметіне жиі жүгінеді.

Дроппер деген кім? Оның алаяқтық қылмысқа қатысы қанша? Бүгінгі зерттеулер көрсеткендей, алаяқтық қылмысының 30 пайыздан астамында дропперлердің қатысқаны анықталған. Олардың қызметі негізінен алаяқтардың арам жолмен аудартқан ақшасын қолма-қол әперуге, сондай-ақ шоттан шотқа аударып, ұрланған ақшаның ізін қалдырмауға бағытталған. Алаяқтық схемасындағы бұл жауапты міндетті атқару үшін дропперлерге белгілі бір сыйақы төленеді.

Десек те, алаяқтарға көмектесіп, дропперлік қызмет атқарғандар өзінің қылмысқа қатысы болатынын білмеуі де мүмкін. Қылмыскерлердің құрығына көбінесе жастар, қаржысы аз студенттер, тиын-тебен болса деп жүретін зейнеткерлер, жұмыссыздар түседі. Кейбір жандар көз танысы қиылып сұраған соң, немесе бейтаныс адамдар «көмектесіп жіберіңіз» деп қатты өтінген соң ақшаны алып бергенін алға тартады. Әсіресе, жастар аз-маз ақша үшін қаржыны өз атына аудартып, қолма-қол шығарып беруді қылмыс деп санамауы мүмкін. Кейбір азаматтар сол азғантай қаржылық игілікке бола қызығып алаяқтық схемасының бір бөлшегіне айналады. Тек дәл сол кезде азаматтар «біреудің ақшасын банктен шешіп беруге көмектестім. Онда тұрған не бар? Ол үшін ақша алу қылмыс емес» деп өзін-өзі ақтауы мүмкін. Шындығында олар алаяқтарға болысып, қаржының ұрлануына себепші болғандарын сот отырысында бір-ақ түсініп жатады.

Алаяқтық қылмысын тергеу кезінде полицияға дроппердің қылмыстық схеманың бір бөлігі емес екенін дәлелдеу өте қиын. Осындай шырмауық қылмысқа шатылмау үшін әрбір азаматтың құқықтық сауатын арттыру міндет. Айталық өзіңізді қылмыстық схемалардан қорғау үшін ақшаны қайтару бойынша барлық операцияларды тек банк арқылы – мобильді қосымшада немесе өтінім бойынша жүргізу керек. Сонымен бірге, банк картаңызға ақша аударып, қолма-қол шешіп беруді өтінген азаматтар қандай сыйақы ұсынса да келіспеген жөн. Мұның соңы бір бейкүнә азаматтың алаяққа алдануына, әрі өзіңіздің қылмыстық жауаптылыққа тартылуыңызға себеп болуы мүмкін.

Қазақстанда алаяқтық әрекеттерге қасақана қатысқаны үшін Қылмыстық кодекстің 28-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген. Соған сәйкес, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар деп танылады. Осы баптың 2-бөлігінде көрсетілгендей, қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

Бүгінде негізсіз байып, өзгенің шотындағы ақшаны заңсыз аударған дропперлердің үстінен түсіп жатқан шағымдар аз емес. Олар Қылмыстық кодекстің 190-бабына сай жауаптылыққа тартылады. Ең бастысы, дроппер болып делдалдық еткендер заңды білмеу, жеңіл ақшаға қызығу жазадан құтқармайтынын түсінуі керек.

**А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,**
**Жетісу аудандық №2 сотының судьясы**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

## ПАЙЫМ

# ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

**Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап апелляциялық және қайта қарауды бірыңғай қағидалары бар үш дербес кассациялық сот құрылады.**

Кассациялық сотқа істер алдын ала қараусыз үш судьядан тұратын алқаға тікелей түсетін болады. Кассациялық сотқа соттың қаулысына қанағаттанбаған тараптар аппеляциялық алқадан кейін шағымдана алады. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады.

Кассациялық сот – сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, төменгі саты шығарған сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі болмақ.

Кассациялық сот – заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарып, құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Мұндай сот жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді.

Бұл істі кассациялық сотта қарағаннан кейінгі шешімге қайта шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады. Бұл сот – сот жүйесін заңсыз шешімдерден тазарту функциясында қызмет атқарады деп жоспарлануда. Төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Осылайша, кассациялық сот заң тәжірибесінде, прецеденттерді белгілеуде, құқықтық тәжірибені қалыптастыруда және дауларды шешуге ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

Кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді. Оның жұмысы сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағытталады. Жоғарғы Сот алдын ала қарау институтын жоюды, «толық кассацияны» қолдануды, қаралуы 6 айдан аспайтын «ақылға қонымды мерзім» белгілеуді, сондай-ақ тараптардың міндетті түрде қатысуымен сот процесін жүргізуді ұсынады.

Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады.

**М. БОТАБЕКОВ,**
**Келес аудандық сотының судьясы**
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ТҮЙТКІЛ




**Алаяқтық – қоғамдағы ең жиі кездесетін қылмыстың бірі. Уақыт алға жылжыған сайын алаяқтар да алдаудың түрлі тәсілін меңгеруде. Әсіресе, соңғы жылдары интернет-алаяқтық әл бермей тұр. Халықтың сенгіштігін, ақпараттық технология жетістіктерін жетік меңгермегенін пайдаланған алаяқтар ғаламторды көлденең табыс көзіне айналдырып алған.**

# ҒАЛАМТОРДАҒЫ АЛАЯҚТАР ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

Интернет игілігін тұтынушылар саны артқан сайын онлайн алаңдағы алаяқтықтың түрі мен саны да көбеюде. Бұл қылмыс ақпараттық жүйені қолдану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуге бағытталған. Бүгінде компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдарды қару еткен қылмыскерлер интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, ақша бопсалап, мүлкін жымқыруда.

Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегінше, 2024 жылы интернет алаяқтардың кесірінен жеке тұлғаларға 45 млрд теңге шығын келген. Оның тек 2 жарым миллиарды ғана жәбірленушілерге қайтарылған. Ал қалған 43 миллиарды алаяқтардың қолында кеткен. Биылғы статистика да көңіл көншітпейді. Себебі жыл басталған аз ғана уақыттың ішінде елімізде 4385 интернет алаяқтық тіркеліп үлгерген. Мұндай көрсеткіш құзырлы органдардың интернет алаяқтықты анықтап, ұрланған қаржыны қайтаруға толық мүмкіндігі жоқтығын көрсетеді. Әсіресе, ғаламтордың шексіздігі құқық қорғаушылардың қадамын шектеп, алаяқтардың асығын алшысынан туғызып тұр.

Сондықтан азаматтар сақтық амалдарын жасап, интернеттегі күмәнді ақпараттарға сенбеуі керек. Ішкі істер министрлігі алаяқтардан сақтандырудың жолдарын айтып, қылмыс схемасы туралы мәлімдеме жасап отырады. Бірақ оған көңіл бөліп, қорғанып жатқан азаматтар аз. Мәселен, былтыр Ішкі істер министрлігі елімізде 4,5 мың интернет алаяқтық орын алғанын алға тартты. Солардың көпшілігі «Бауырың, балаң қиын жағдайға түсіп қалды. Тезірек ақша аудар» деп дегбірін алған алаяққа ақпараттың шын-өтірігін тексеріп жатпай-ақ ақша аударған. Кейбір жандар банктер, құзырлы органдардан хабарласып, қауіпсіздік шаралары үшін құпия код сұрағанда барлық мәліметті оңай бере салып, шотындағы қаржыдан қағылған. Жеке басының деректерін ұсынған азаматтардың атынан несие рәсімдеген алаяқтарды да қолға түсіру мүмкін болмай тұр.

Осы ретте әрбір тұрғын өзінің жеке басына қатысты деректерді бөтен адамдарға бермей, құпия ұстағаны абзал. Банк, қаржы ұйымдарының телефонның ар жағында тұрып жеке мәліметтерді сұратпайтынын білген жөн. Әлеуметтік желідегі күмәнді сілтемелерге өтіп, белгісіз қосымшаларды телефонға жазып алудың да салдары ауыр.

Мұндай сілтемелер құпия мәліметтерге төте жол екенін ұмытпайық. Арзан тауар әперемін, қаржы жобаларын жасаймын, ақшаңды еселеп көбейтіп беремін деген хабарламалардың да артында алаяқтар тұр. Сондықтан, алаяқтарға алданбау үшін барынша сақ болып, жеке мәліметтерді жабық ұстауға көңіл бөлген орынды.

**Нұрсұлтан АХМЕТ,**
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

СҰХБАТ

**Еркен ЖАҚАТАЙ,** «СҚ-Фармация» ЖШС басқармасының төрағасы:

# «4,7 МЛН ТҰТЫНУШЫ ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН»

***(Соңы. Басы 1-бетте)***

Сатып алу бірыңғай дистрибьютордың тізбесі бойынша қатаң түрде жүзеге асырылатынын және де дәрі-дәрмектер белгіленген ең жоғары бағалардан аспайтындай сатып алынатынын атап өту маңызды. Тізбе мен бағаны ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді.

***– 2024 жылды қалай қорытындыладыңыздар?***

– Бірыңғай дистрибьютор 2024 жылдың қорытындысы бойынша 479,9 млрд теңгеге 1596 атаулы дәрілік зат пен медициналық бұйым сатып алды. Сатып алу барысында ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде 35 отандық өндірушіден 143,92 млрд теңге сомасына (сатып алудың жалпы көлемінің 30%-ы); тікелей сатып алу арқылы 34 шетелдік өндірушіден 95,98 млрд теңге сомасына; халықаралық ұйымдар (БҰҰДБ, ЮНИСЕФ, СТОП ТБ) арқылы 3,89 млрд теңге сомасына; тендер шеңберінде 55 дистрибьютордан 236, 15 млрд теңге сомасына дәрілік өнімдер алынды.

***– Дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілген стационар мен емханалар саны қанша?***

– Бүкіл ел бойынша 1213 стационар мен 711 емхана дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілді. Жалпы 4,7 млн пациент тегін дәрі-дәрмек алды. Атап айтқанда стационарларда 2,5 млн емделуші және емханаларда рецепт бойынша 2,2 млн тегін дәрі алушы тіркелген. Осы арада 2024 жылы сондай-ақ 396 медициналық техника сатып алынғанын да айта кеткен жөн шығар.

***– Биыл қанша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар сатып алу жоспарланып отыр?***

– 2025 жылға дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 1726 түрін сатып алуды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда «СҚ-Фармация» 1507 атау бойынша жеткізу шарттарын жасасты. Сатып алынған дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды алғашқы жеткізу кестесі 2024 жылдың 1 желтоқсанынан басталды.

Қазіргі уақытта дәрі-дәрмектерді сатып алу және еліміздің медициналық мекемелеріне жөнелту процесі жалғасуда. Сонымен қатар, Бірыңғай дистрибьютор өндірушілермен тікелей шарттар жасасу көлемін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Делдалдарды болдырмау арқылы бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік туындайды. Айта кету керек, «СҚ-Фармация» құрылған сәттен бастап орталықтандырылған сатып алудың арқасында қаражатты үнемдеу көлемі шамамен 316 млрд теңгені құрады.

***– Тегін дәрі-дәрмек алу кезінде қандай да бір сұрақтар туындаса кімге хабарласуға болады?***

– Егер пациенттердің тегін дәрі-дәрмек алу кезінде қандай да бір сұрақтары туындаса, 1439 тегін нөмірі бойынша «СҚ-Фармацияның» байланыс орталығынан ақпарат алуға болады. Байланыс орталығы операторларының жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар. Олар әрдайым әр қоңырау шалушыға кеңес беріп, қажет болған жағдайда тегін дәрі-дәрмектің жеткізілу мерзімі мен күнінен хабардар ете алады.

***– Сұхбатыңызға рақмет.***

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# ТУРОПЕРАТОРЛАР ҚОСЫМША САЛЫҚ ТӨЛЕУГЕ ҚАРСЫ

**Еліміздегі бірқатар туроператорлар салық органдарынан 2024 жылдың желтоқсанынан бері туристерді шетелге демалысқа нақты жібергені үшін қосымша салық төлеуді талап ететін хабарлама алған. Қосымша салықтың бірқатар теріс әсері бар.**

Қазақстандық туристік қауымдастық директоры Рашида Шайкеноваңың сөзіне қарағанда, салықтың белгіленуі бір жағынан туристік жолдамалар бағасының өсуіне алып келеді. Екінші жағынан – туристік нарықтың кәсіби қатысушыларын жояды. Өйткені туроператорлар туристік пакеттерді құра отырып, шетелдік қонақүйлермен, әуекомпаниялармен, көлік компанияларымен және басқа да қызмет көрсетушілермен келісімшарттар жасайды. Бұл қызметтер Қазақстаннан тыс жерлерде ұсынылады. Салық заңнамасына сәйкес шетелдік компаниялардың мұндай қызметтерден түсетін табыстарына Қазақстанда салық салынбауы тиіс. Алайда, салық органдары туроператорлар салықтық жеңілдіктерді заңсыз қолданды және Қазақстанда өздерінің шетелдік серіктестері үшін тұрақты өкілдіктер құрған болуы мүмкін деп мәлімдейді. Бұл серіктестердің кірістерін автоматты түрде салық салу объектісіне айналдырады.

Қазақстандық туристік қауымдастық заңгері Асқар Тулкиевтің айтуынша, бұл хабарламалардың түпкі мақсаты туроператорларды резидент еместердің кірістерінен ұсталатын салықтан заңсыз босатуға байланысты Салық кодексінің 666-бабының 2-тармағындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тарту әрекеті болып табылады. Алайда қауымдастық бұл фактілерді бұрмалауға және заңды дұрыс түсінбеуге негізделген мүлдем негізсіз айыптау деп санайды.

Салық органдары туроператорлардың бүкіл айналымы бойынша, яғни шетелдік серіктестерге аударылған барлық сомалар бойынша 20% корпоративтік кіріс салығын төлеуді талап етеді. Бұл Қазақстандағы резидент еместердің кірісі. Туроператорлардың маргиналдылығы тауар айналымының 1-5 пайызын ғана құрайтынын ескерсек, бұл абсурдтық мәлімдеме. Қалған 95-99%-ы қонақүй қызметтеріне, трансферттерге, экскурсияларға және Қазақстаннан тыс жерде көрсетілетін басқа да қызметтерге ақы төлеуге бағыталады. Салық кодексінің 645-бабының 9-тармағы 11-тармақшасына сәйкес, мұндай табыс Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайды. Хабарламаларда бұзушылықты растайтын ақпарат көзі ретінде 101.04 нысаны келтірілген. Алайда, Салық кодексінің 208-бабына сәйкес, бұл нысан шетелде қызмет көрсететін резидент еместер туралы ақпаратты көрсетуге арналмаған. Бұл дереккөз айыптауларға негізделген деректерді қамтуы мүмкін емес.

Сонымен қатар, мемлекеттік кірістер органдары валюталық бақылау функцияларын тек 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолға алғанын және хабарламалар 2022–2023 жылдарға қатысты екенін есте ұстаған жөн, ол бойынша туроператорлар салық органдарынан сұрау алмаған. Оның үстіне, Мемлекеттік кірістер комитеті туризм саласының ерекшеліктерін дұрыс түсінбейді. Туроператорлар туристік өнімді әртүрлі қызмет көрсетушілермен, соның ішінде шетелдік серіктестермен келісім жасау арқылы жасайды. Осы резидент еместерге қызмет көрсету үшін төлем Қазақстаннан тыс жерде нақты көрсетілген қызметтер үшін жүргізіледі. Бұл Салық кодексінің 645-бабының 9-тармағының 11-тармақшасы аталған табыстың салық салудан босатылғанын тағы да растайды.

Мемлекеттік кірістер комитеті туроператорларды шетелдік компаниялардың «тәуелді агенттері» деп қате түсіндіреді. Туроператорлар өз атынан әрекет етеді, туристер алдында толық жауапкершілік алады және стандартты агенттік келісімдер бойынша жұмыс істейді. Шетелдік компаниялар олардың қызметін қадағаламайды. Бұл «тәуелді агент» түсінігіне нақты анықтама беретін Салық кодексінің 220-бабының 3-тармағына тікелей қайшы келеді. Жіберілген хабарламалар мүлдем негізсіз және заңсыз. Сондықтан оларды дереу алып тастау керек дейді туроператорлар.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың хабарламаларды қайтарып алу туралы бұйрығына қарамастан, салық комитеті өз ұстанымын өзгертпеді. Мемлекеттік кірістер комитетінің мұндай әрекеттері теріс салдарға әкеп соғары анық. Мұндай ойсыз қадам туроператорлардың банкротқа ұшырауына, туристік сапарлардың үзілуіне, турлар бағасының 20%-дан 32%-ға және одан да жоғары өсуіне ықпал етуі мүмкін.

Сайып келгенде, Мемлекеттік кірістер комитетінің мұндай әрекеттері бүкіл салаға орны толмас зиян келтіріп, мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретіп, ел экономикасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, қауымдастық барлық берілген хабарламаларды дереу жоюды және осы деструктивті зардаптардың алдын алу мақсатында Мемлекеттік кірістер комитетінің қызметкерлерімен туроператорлар қызметінің ерекшеліктері туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуді сұрап отыр.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ҚОРҒАНЫС

**Соңғы жылдары әлеуметтік желіде ел тұрғындарының әскери міндеттілігіне қатысты түрлі жазбалар жарияланууда. Оны сараптап, мәселенің мән-жайын жалпы оқырманға ұғынықты етіп түсіндіріп беруде жергілікті атқарушы органдардың белсенділігі аса жоғары емес. Сондықтан азаматтық қоғам өкілдері арасында бұл мәселеге қатысты біреу білсе, біреу білмейтін жағдайлар назардан тыс қалуда.**

# ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕГЕНДЕРГЕ ЖЕҢІЛДІК КӨП

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң бойынша әскери міндеттілік – азаматтардың Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық міндеті. Азаматтарды міндетті әскери қызметке шақыру үшін жергілікті атқарушы органдар шақыру комиссияларын құрады және олардың құрамына мемлекеттік органдардың мүдделі лауазымды тұлғалары кіреді. Аудан және облыс деңгейінде шақыру комиссиялары жанынан медициналық комиссиялар жұмыс істейді. Онда шақырылушылар алғашқы медициналық тексерістен аудан және қалаларда, бақылау тексерістен облыс деңгейінде өтеді. Медициналық тексеріс нәтижесі бойынша шақырылушыларға әскери қызметке шақыру, кейінге қалдыру немесе шақырудан босату туралы шешім қабылданады.

*…міндетті әскери қызметте жүрген шақырылушыларға былтырдан бастап бірқатар заңнамалық жеңілдіктер бекітілді. Қызмет барысында және әскерден шыққаннан кейін екі ай ішінде олар кредит төлеуден босатылады. Қазіргі таңда 6 мыңнан астам әскери қызметшіге 1,8 млрд теңге қарызын кейінге қалдыруға мүмкіндік берілген. Белгіленген мерзімді өткерген азаматтарға білім беру жеңілдіктері беріледі, студенттер жатақханасында орын алу бойынша басым құқыққа ие болады. Осы игіліктің арқасында 1,5 мыңнан астам әскерде болған қазақстандық жоғары оқу орындарына тегін негізде қабылданды, 700-ден астамы ақылы негізде қабылданды. Сонымен қатар, қызмет кезінде мемлекеттік үлгідегі куәлікпен жұмысшы мамандық алуға болады.*

Жамбыл облысы Қорғаныс істері департаменті басшысының орынбасары, шақыру басқармасының бастығы Қуаныш Симтиковтың айтуынша, міндетті әскери қызметте жүрген шақырылушыларға былтырдан бастап бірқатар заңнамалық жеңілдіктер бекітілді. Қызмет барысында және әскерден шыққаннан кейін екі ай ішінде олар кредит төлеуден босатылады. Қазіргі таңда 6 мыңнан астам әскери қызметшіге 1,8 млрд теңге қарызын кейінге қалдыруға мүмкіндік берілген. Белгіленген мерзімді өткерген азаматтарға білім беруде жеңілдіктер және студенттер жатақханасында орын алу бойынша басымдық беріледі. Осы игіліктің арқасында 1,5 мыңнан астам әскерде болған қазақстандық жоғары оқу орындарына тегін негізде қабылданды, 700-ден астамы ақылы негізде қабылданды. Сонымен қатар, қызмет кезінде мемлекеттік үлгідегі куәлікпен жұмысшы мамандық алуға болады. Қорғаныс министрлігінің мәліметі бойынша 2024 жылы шамамен 1200 маман оқытылды.

«Бұрын шақырылушыларды хабардар ету тек шақыру қағаздары арқылы жүргізілсе, биылдан бастап кеңінен қолданылатын электронды «SMS хабарламалары» арқылы жүргізіледі. Бұл шара азаматтардың еңбек миграциясына байланысты енгізілген, өйткені шақыру қағаздарын тапсыру мүмкін емес. Шақыру учаскесіне шақырылушы келмеген жағдайда іздестіру және жеткізу жұмыстары тиісті ішкі істер органына жүктеледі. Әскери қызметтен жалтарғандар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Қылмыстық кодекстің 387-бабы бойынша әскери қызметтен жалтарғандарға айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзету жұмыстарына тарту, 400 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған», – дейді Қуаныш Алпысбайұлы.

Қорғаныс істері департаменті басшысы орынбасарының сөзіне қарағанда, қылмыстық жауапкершіліктен босату тек шақырылушы шақыру пунктіне ерікті түрде келген жағдайда ғана мүмкін болады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 647-бабы «Азаматтардың әскери есепке алу міндеттерін орындамауы» бойынша ең жиі қолданылатын шара болып табылады. Бұл бап бойынша 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Шақырылушыларды әскери қызметке шақырудан босату тәртібі мен кейінге қалдыру тәртібінде де өзгеріс бар. Шақырылушылар мен жергілікті әскери басқару органдары қызметкерлерінің байланысын азайту мақсатында шақырудан босату және кейінге қалдыру функциялары мемлекеттік қызмет ретінде жүзеге асырылады және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы «Бір терезе» принципі бойынша көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы арқылы қызмет берушіге электронды құжат түрінде электронды цифрлық қолтаңбамен куәландырылған «Кейінге қалдыру немесе әскери қызметтен босату» туралы өтінішін жолдайды. Мемлекеттік қызмет көрсету өтінішіне кейінге қалдыру немесе әскери қызметтен босату құқығын растайтын құжаттардың электронды көшірмелері қоса тіркеледі. Осы мемлекеттік қызмет түрін көрсету Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығымен бекітілді.

Заңға сәйкес, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру шақыру комиссиясының шешімімен беріледі. Шақыруды кейінге қалдыру келесі негіздер бойынша беріледі: отбасы жағдайы, білім алуды жалғастыру, денсаулық жағдайы, басқа себептер (ауылдық жерлерде жұмыс істейтін мұғалімдер мен дәрігерлер үшін) түрткі болады. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға да бірнеше негіз бар. Айталық жоғары немесе орта арнайы оқу орындарының студенттеріне, үйленген және бір немесе бірнеше баласы бар шақырылушыларға; жасы бойынша зейнеткерлер немесе I және II топтағы мүгедектер болып табылатын отбасы мүшелерін күтіп-бағумен айналысатын шақырылушыларға, педагогикалық білім алған және мамандығы бойынша жұмыс істейтін мұғалімдерге, дәрігерлерге, ауылдық жерлерде жұмыс істейтіндерге белгілі бір жеңілдік беріледі.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

**Жамбыл облысының орман қоры жерлері өңір аумағының 30,8 пайызын алып жатыр. Сондықтан орман өртінің қауіпсіздігі әрдайым басты назарда тұрады. Жамбыл облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Адил Жакиповтың айтуынша, өңірдегі мемлекеттік орман қорының жалпы жер көлемі 4, 4 млн гектар. Оның 2,3 млн-ын орманмен қамтылған жерлер құрайды. Аталған мемлекеттік орман қорының жерлері басқармаға бағыныста 15 орман шаруашылығына және мекемелеріне бекітіліп берілген.**

# ОРМАН ӨРТІНІҢ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ

«Жамбыл облысында мемлекеттік орман қорында өрт қаупі бар маусым 20 наурыздан бастап 11 қараша аралығы деп белгіленді. Осыған байланысты, былтыр орман қорындағы орманшылықтарда 26 өрт бақылау мұнаралары жұмыс жағдайына келтірілді. Сонымен қатар, қаупі маусымының жоғары кезеңінде қауіпті аумақтарда 61 бекетте тәулік бойына кезекшіліктер құрылды. Орман қорында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 11154,5 шақырым өртке қарсы минералды жолақтарға күтім жасау жұмыстары толық жүргізілді. Алайда, барлық атқарылған жұмыстарға қарамастан, облыстың орман қоры аумағында жалпы аумағы 20 233,7 гектар болатын 38 орман өрті оқиғасы тіркелді. Оның ішінде 11 877,5 га орманмен көмкерілген жерлер»,– дейді Адил Қожабекұлы.

Бөлім басшысының сөзіне қарағанда, орман өртінің 17 жағдайы найзағайдан, алтауы тұлғалардың өрт талаптарын сақтамауынан орын алған. Ал 15 өрттің шығу себептері белгісіз боп қалды. Жалпы, облыстағы 38 орман өртінің 12-сі алты-алтыдан Мойынқұм (4873,3 га) мен Қосқұдықта (551,9 га), 15-і бес-бестен Байзақ (369,5 га), Меркі (4895,9 га), Жамбылда (1098,11 га), төртеуі Ақкөде (1108,1 га), үшеуі Луговойда (3240,7 га), екеуі Жуалыда (1098,1 га) қалған екеуі Ұланбел ( 3052,8 га) мен Қарақоңызда (5,7 га) тіркелген.

Енді Жамбыл облысының мемлекеттік орман қоры аумақтарын және оларға іргелес орналасқан ауыл округі жерлерін өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету, өрттің алдын алу жөніндегі 2025 жылға арналған бірлескен профилактикалық іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес әр ауданда мемлекеттік орман қоры аумағында және оған шекаралас ауыл округі жерлерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өртке қарсы қызмет және төтенше жағдайлар бөлімдерімен бірлескен профилактикалық іс-шаралары жоспары аудан әкімдерімен бекітіліп, өрт қаупі бар маусымына дайындық жұмыстары жүргізілуде.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

# «ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛ!»

**Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының үкіметтік емес ұйымдар арасындағы грантын алғандардың бірі – «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі. Ол 2023–2024 жылдары жүзеге асырған «Өз құқығыңды біл!» деп аталатын әлеуметтік жобасы үшін 24 млн 450 мың теңгенің грантын жеңіп алған болатын.**

Бірлестік жетекшісі Рысқали Олжабайұлының айтуынша, жобаның бірінші міндеті қиын құқықтық жағдайдағы азаматтарды табу болды. Сол себепті Абай, Ақмола, Ақтөбе және Жамбыл облыстарының орталықтан шалғай орналасқан 72 ауылына көшпелі заң көмегі керуені ұйымдастырылды. Онда азаматтарға 5 заңгер кеңес берді. Өткізілген іс-шаралар бойынша қатысушылар саны 1360 адамды құрады.

«Жобаның екінші міндеті құқықтық сауатты азаматтарды көбейту және жергілікті қоғамдастықтар деңгейінде азаматтардың, оның ішінде өмірлік қиын жағдайда жүрген азаматтардың құқықтарын сапалы іске асыру үшін табысты модельдер құру болды. Ақтөбе, Семей, Тараз және Астана қалаларында 2 реттен «Өз құқығыңды біл!» деген семинарлар өткізілді. Олар еңбек даулары, салықтық өзгерістер, отбасылық зорлық-зомбылық, мүліктік қатынастар және басқа да тақырыптар бойынша түсіндірме берді. Бұл шараларға 631 адам қатысты. Семинарда халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында мың дана нұсқаулық әзірленіп, таратылды»,– дейді Р.Олжабайұлы.

«Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы жетекшісінің сөзіне қарағанда 2 міндет бойынша қиын өмірлік жағдайлардағы халықтың осал топтары бар мамандардың алгоритімі әзірленді. Алгоритм қазақ және орыс тілінде жазылды. Арнайы заң білімі бар мамандармен және құқық қорғау бағыты бойынша жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен тұратын жұмыс тобы Тараз қаласында 3 кездесу өткізді. Қиын өмірлік жағдайлардағы халықтың осал топтары бар мамандардың алгоритімін 40 маман сынақтан өткізіп, оң бағасын берді. Сондай-ақ қиын өмірлік жағдайдағы азаматтармен жұмыс істейтін Ақтөбе қаласының «Жанұя» қолдау орталығымен меморандум жасалды. Сонымен қатар құқықтық сауатты азаматтардың құқық бұзушылыққа немқұрайлы қарамауын, төзбеушілігін насихаттаудағы үшінші міндет бойынша «Өз құқығымды қорғаймын» атты байқау ұйымдастырылды. Оған Абай, Ақтөбе, Жамбыл, Ақмола облыстары мен Астана қаласынан 47 адам қатысты. 7 адамнан тұратын қазылар алқасының шешімімен Дулат Тұрсыналы – бас жүлде (1 млн тг.) Ақжан Алспысбай – бірінші (500 мың тг), Севара Абдыхалыкова екінші (300 мың теңге), Бекарыс Бекболат үшінші (200 мың теңге) орынмен марапатталды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

АЙМАҚТАҒЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМЫТУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

**Биыл Шымкенттің республикалық маңызы бар қала мәртебесін алғанына 7 жыл толады. Қазіргі таңда ол тұрғындар санының жылдам өсуі жағынан екінші орында тұр. Сол себепті қаладағы ауыз су, кәріз және электр қуаты жүйелерінің сапасын арттыру үлкен жұмыстарды талап етуде.**

Қала әкімінің орынбасары Сәрсен Абайұлының айтуынша, Шымкенттегі 81 шағын ауданның бәрі электр қуатымен қамтылған. Қаладағы электр энергиясын тұтыну көлемі 360-420 МВт аралығында. Қаланың энергетикалық инфрақұрылымы да тұрақты даму үстінде. Қалада 6 917 км электр желісі, 45 қосалқы станция және 2 434 трансформатор бар. Электр желілерінің жартысынан көбі коммуналдық меншікте болса, қалғаны «ОңтүстікЖарықТранзит» ЖШС меншігінде.

«2024 жылы қаладағы 8 нысанның құрылысы жүзеге асырылды. Оның ішінде 1 қосалқы станция және 7 ішкі орамдық жүйе бар. Нәтижесінде 14,7 мың адам сапалы электр қуатына қосылды. 2025 жылы тағы да 8 нысанның құрылысы жоспарланып отыр. Бұған қоса, қаладағы жаңа құрылыс аумақтарын сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында қаржы бөлініп, сәуір айында құрылыс жұмыстары басталмақ. Алдағы жылдары қалада 7 жаңа қосалқы станцияның құрылысы жоспарланған. Олар кезең-кезеңімен жүргізіледі. Қала тұрғындары үшін сапалы коммуналдық қызмет көрсету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі жақсы. Су, кәріз және электр қуатымен қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру бойынша жоспарланған жұмыстар жүзеге асқан жағдайда, Шымкент қаласы тұрғындары сапалы қызмет ала алады. Бұл – қаланың болашақ дамуына негіз болатын, өте маңызды қадамдардың бірі», – дейді Сәрсен Абайұлы.

Қала әкімі орынбасарының сөзіне қарағанда, коммуналдық қызметтің түйткілді мәселелері жеткілікті. Мәселен, шаһардағы 81 шағын ауданның қазіргі таңда тек 26-сы ғана кәріз жүйесімен толық қамтылған. Қала аумағындағы 1135,1 шақырым құбыр желісінің 672 шақырымы «Су құбыры және канализация басқармасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына, 463,1 шақырымы «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-не қарайды. Алайда кәріз жүйелерінің 73,52 пайызы тозған. Қаланың кәріз жүйесіндегі тозуды төмендету үшін 2025–2026 жылдары 23,5 шақырым кәріз желісін ауыстыру жоспарлануда. 2024 жылы 10 нысанның құрылысы жүзеге асырылды. Оның ішінде 2 магистралды кәріз коллекторы және 8 ішкі орамдық жүйе бар. Бұл жұмыстардың нәтижесінде кәріз жүйесімен қамтылған аудандардың үлесі 65-тен 70 пайызға артты. 2025 жылы тағы да 8 нысанның құрылысы жүргізілетін болады. Сонымен қатар, Базарқақпа тұрғын алабына кәріз жүйесінің құрылысын бастау үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізілуде.

Қаладағы 81 шағын ауданның 60-ы толық газбен қамтылған, 20-сы газға жартылай қосылған, тек Айкөл шағын ауданы ғана әлі табиғи газ жүйесіне қосылмаған. 2024 жылы 15 нысанда құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 9-ында құрылыс аяқталды. Соның нәтижесінде 90 мыңнан астам адам табиғи газ жүйесіне қосылып, қаладағы газбен қамту деңгейі 96-дан 97 пайызға артты.

Шымкенттегі 6714 көшенің 51,7 пайызы немесе 1 343-і ғана жарықтандырылған. 2024 жылға дейін бұл көрсеткіш 14 пайызды ғана құраған болатын. Биыл қаладағы барлық көше жарық шамдарымен қамтылмақ. Бұл қала тұрғындарының қауіпсіздігін арттырып, көше мәдениетін жақсартуға мүмкіндік береді.

Шымкент қаласындағы 838,6 шм жылу құбыры желісінің 152 шақырымын магистралды, 686,6 шақырымын ішкі орамдық жылу жүйелері құрайды. Жылу жүйелерінің тозу деңгейі биыл жыл басында 37% құрады. 2024 жылы жылу жүйелерінің тозу деңгейін төмендету үшін қала бюджетінен 2,4 млрд теңге бөлініп, бұл қаражатқа қаланың ішкі орамдық 29,4 км жылу желісіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жылу жүйесін жаңғыртуға арналған ірі жобалар да іске асырылуда.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

# ТУРНИР БІЗДІ ДОСТАСТЫРДЫ

**Алматыда балалар мен жасөспірімдер командалары арасында «Nauryz cup – 2025» халықаралық турнирі өтті. Балалар жас ерекшелігі бойынша топ-топқа бөлініп өзара күш сынасты.**

Мәселен, 2013 жылы туған балалар арасындағы жарысқа Алматы, Астана, Бішкек, Қарағанды, Қаскелең, Қонаев, Өскемен, Петропавл, Түркістан қалаларынан 20 команда қатысты. Алғашқы іріктеу кезеңінде олар төрт-төрттен бес топқа бөлініп күш сынасты. Одан кейін өз тобында 1-2 орын алғандар ширек финалда 1-8 орын үшін таласты.

Солардың бірі Петропавл қаласындағы «Жеңіс» олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы болды. Біз топтық іріктеу кезеңінде Алматының «KIFS A», «SD Famili» және Бішкектің «FC Asiagoal» командаларымен «С» тобында ойнадық. Бірінші турда «KIFS A»командасын 3:2 есебімен жеңіп, 2-турда «FC Asiagoal» командасымен 1:1 есебімен тең түстік. Ал 3-турда алматылық екінші командадан 3:1 есебімен басым түстік.

Жартылай финалда «В» тобының үздігі болған Алматы қаласының «FFC» командасынан 0:2 есебімен жеңіліп, 5-орынды қанағат тұттық. Бірінші орын үшін болған сайыста Бішкектің «DORDOI» командасы «FFC» ойыншыларынан 3:0 есебімен басым түсті. Ал үшінші орын үшін болған сайыста Қонаев қаласының «ОФМБЖСМ» командасы Алматы қаласының «FC Arystan 2014» командасынан 3:4 есебімен жеңілді.

Бұл біздің команданың қатысып отырған биылғы алғашқы турнирі. Былтыр бірқатар аймақтық және республикалық жарыстарда бақ сынағанбыз. Олардың кейбірінде жеңімпаз болып, бірқатарынан жүлдегер атанып қайттық. Оқу мен футболды қатар алып жүрген оқушылар арасынан бұл жолы да өзімізге жаңа достар таптық. Бапкеріміз Георгий Датоевич бізге әрдайым жеңсек тасымай, жеңілсек жасымай әрбір жарыстан кейін тәжірибемізді шыңдай түсуге үйретті.

**Ерасыл ЕРЖАН,**
**Петропавл қаласындағы**
**Сафуан Шаймерденов**
**атындағы гимназияның**
**6А сынып оқушысы**

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

# «ҮЛГІЛІ АУЫЛ» САЙЫСЫ ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Түркістан облысында сәуір айынан бастап «Үлгілі ауыл» байқауының жаңа кезеңі басталады. Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаевтың айтуынша, бұл байқау 2024 жылдан бастап өткізіліп келеді. Былтыр барлық аудан-қалалардан байқаудың облыстық кезеңіне қатысқан елді мекендер ішінен үздіктер анықталып, ережеге сай облыстық бюджеттен өңірлерде құрылыс жұмыстарын жүргізуге тиісті қаржылар қаралды.

«Атап айтар болсақ, жеңімпаз атанған Қазығұрт ауданы, Шарбұлақ ауылында құны 500 млн теңгеге – дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілсе, 2-орынға жайғасқан Шардара ауданындағы Көксу ауылында – 120 млн теңгеге 2 қабатты ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, үйірмелер орталығы ашылмақ. Сондай-ақ, Сарыағаш ауданына қарасты Мәдениет ауылында – 37,8 млн теңгеге шағын спорт және балалар ойын алаңшасы, Созақ ауданы Жартытөбе ауылында 26 млн теңгеге балалар ойын алаңының құрылыстары жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға беріледі», – дейді Ерлан Бақытжанұлы.

Басқарма басшысының сөзіне қарағанда, ережеге сәйкес, аудан орталықтары сайысқа қатыстырылмайды. Биыл оған «Жомарт түлек» тұжырымдамасы да енгізіліп отыр. Бұл бағыт бойынша ауыл азаматтарының әрекеті туған жері мен білім алған оқу орнын абаттандыру, сыртқы көрінісін реттеу, тазалығын сақтау, демеушілік жасау бойынша бағаланады.

**Е.КЕБЕКБАЙ**
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ЗАҢ

**Қазір «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заң жобасы әзірленуде. Онда қолданыстағы заңнамаға қарағанда тұжырымдамалық түсініксіздікті жою және тұтынушылар құқығын күшейту үшін елеулі өзгерістер қарастырылған.**

# «ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ» ТУРАЛЫ ЗАҢ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Жобада жаңалық көп. Соның ішінде анықтамалар нақтыланып, кеңейтіліп, жаңа «жеке тұлға» анықтамасымен толыққан. Жобада «интернет-коммерция платформасы» және «электрондық сауда алаңы» ұғымы енгізілген. Бұл цифрлық сауданы реттеу үшін құқықтық базаны қалыптастырады, оның ішінде жеке тұлғалардың бір реттік тауар сатуын да қарастырады. Сонымен қатар, «техникалық тұрғыдан күрделі тауар» және «техникалық тұрғыдан күрделі тауардың маңызды кемшілігі» анықтамалары кеңейтілген. Заңға «Тұтынушылар дауы» ұғымы енгізіледі, ол тұтынушы мен сатушының құқығы мен міндетіне қатысты қақтығысты білдіреді. Бұл заң дауларды жедел шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге арналған кеңес беру органы құрылып, мемлекеттік органдар арасындағы үйлесімділікті жақсартуға, азаматтар құқығын қорғауды күшейтуге қадам жасалды.

Заңнамада тұтынушылар құқығын қорғау ұйымдарына шағымдануға байланысты барлық шығынның толық қайтарылуын қарастыратын ереже енгізілген. Бұған сот процесіне, сараптамаларды өткізуге және тұтынушы өз құқығын қорғау кезінде кеткен шығындар да кіреді. Жаңа заң жобасы бойынша тұтынушылар құқығын қорғау мәселелерін талдау, азаматтарға кеңес беру және шағымдарды бақылау мақсатында жасанды интеллектіні әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жалпы Қазақстан Республикасы аумағында ұсынылған өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің сапасын қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын коммерциялық емес, үкіметтік емес ұйымның қатарында 60 мың адам бар. Оның 29 мыңы еріктілер. «ҰТЛ» – тұтынушылар мен кәсіпкерлер арасындағы қақтығыстардың алдын алуға, қауіпсіздікті арттыруға және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Оның миссиясы – азаматтардың өмірін жақсарту, әлеуметтік әділеттілікті орнату және адам құқықтарын құрметтеу мақсатында, халықтың барлық топтарын әлеуметтік маңызы бар экономикалық және саяси мәселелерді шешуге белсенді тарту, сондай-ақ адами, материалдық ресурстарды тиімді басқару, адал нарықты құру және тиімді экономиканы қалыптастыру.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ТЕҢДІК

# АЗАМАТТАР МҮДДЕСІ – АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

**Адам құқығы – әрбір адамның туғаннан бастап ие болатын негізгі құқықтар мен бостандықтар жиынтығы. Бұл құқықтар біздің адамдық қадір-қасиетімізді қорғайды және әділетті қоғам құру үшін маңызды рөл атқарады. Олар бірізділік, теңдік және заң алдындағы қорғалу принциптеріне негізделген.**

Адам құқығының сақталуы бейбітшілік пен өркендеудің алғышарты болып табылады. Бұл құқықтар халықаралық келісімдермен және конституциялармен қорғалады, бірақ олардың толық жүзеге асырылуы әлі де әлемнің көптеген бөлігінде өзекті.

Құқықтық анықтамаға сүйеніп айтар болсақ, адам құқығы – осы адам құқықтарының жалпы декларациясымен және әртүрлі халықаралық келісімдер мен конвенциялар арқылы, сондай-ақ әр елдің өз конституциясы мен заңнамалары арқылы орнатылған.

Бұл құқықтардың негізгі принциптері:

• Жалпылық (бұл құқықтар бүкіл адамзаттың иелігінде болуы керек);

• Бөлінбейтіндігі (адам құқықтары бір-бірімен тығыз байланысты және оларды бөлуге болмайды);

• Теңдігі (барлық адамдар заң алдында тең болуы тиіс);

• Өзгертілмейтіндігі (бұл құқықтар адамның мәртебесіне қарамастан өзгермейді және қорғалуы керек).

Осы принциптерге сәйкес, адам құқықтары әр адамның өмір сүру, бостандық, қауіпсіздік, қанаушылық болмау, заң алдында теңдік, ойлау, ар-ұждан және дін бостандығы, ақпарат пен көрініс еркіндігі, жиналу және қауымдастықтар құру құқығы, жеке өмірге, үйге, хат-хабарға, жұмыс істеуге, білім алуға және мәдени өмірге қатысу құқығы сияқты көптеген сипаттарда көрініс табады.

Тәжірибеде Қазақстанда адам құқықтарының сақталуына қатысты көптеген бағдарламалар жүзеге асырылады.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар үнемі адам құқықтарын жақсарту үшін жұмыс істейді. Осы мақсаттар аясында Қазақстанда адам құқығы жүйесі белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу үшін оны жетілдіру және жақсарту жағында жұмыстар жасауда.

**Ұлағат ЕРЛАНБЕК,**
**Зайсан аудандық соты әкімшісінің бас маманы**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

# ЖАРНАМА

## МҰРАГЕРЛІК

2. 2022 жылдың 14 шілдесінде қайтыс болған Мақашұлы Ысқақтың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

5. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна, 01.07.1951 жылы туған, 16.10.2024 жылы қайтыс болған Кабылова Алтын Калмурзаевнаның артынан мұрагерлік іс ашты және мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 1/2 үй, 20 к-ге хабарласуыңызды сұрайды.

6. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна, 19.09.1984 жылы туылған, 12.02.2025 жылы қайтыс болған Каналиев Нуржан Жолдаскалиевичтің артынан мұрагерлік іс ашты және мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 1/2 үй, 20 к-ге хабарласуыңызды сұрайды.

7. Төмендегі тұлғалардың артынан мұрагерлік іс ашылғандығын хабарлайды:

1. 7 шілде 2024 жылы қайтыс болған Салмакова Сайлаушаның артынан,

2. 21 қаңтар 2011 жылы қайтыс болған Абдибек Магрипаның артынан ашылған іс бойынша, мұрагерлеріне мына мекенжайға: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ықшам ауданы, №36/11 үйде орналасқан Алматы облысы нотариусы Г.О.Абылкасымоваға хабарласуларыңызды сұраймын, тел.8-707-137-87-75.

## ТАРАТУ

3. «Учебно-клинический центр NEUROKIDS» ЖШС (БСН 170840011671) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Самал шағын ауданы, 2-ғимарат, 49-пәтер.

4. «Inter Marco» ЖШС (БСН 220340005274) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Бақытгерей Құлманов көшесі, 111А құрылыс.

9. «Сарыбай ТРД» ЖШС (БСН 220240020204) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 142/1 үй, 28-пәтер.

11. «Golden Designe Studio» ЖШС (БСН 141240008419) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ж. Нәжімеденов көшесі, 10/3, 171-пәтер, тел. +77751177508.

12. «Fenix Technologies» ЖШС (БСН 230940015057) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Аксай-1 шағын ауданы, 11/9 үй, 46-пәтер, индекс 050031, тел.+77778125522.

13. «Технологичные сервисы» ЖШС (БСН 240640010989) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Рысқұлбекова көшесі, 28/8 үй, тел. +77010749799.

## ӘРТҮРЛІ

8. «Credia» микроқаржы ұйымы ЖШС (БСН 210940040183) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл-3 ықшам ауданы, Мұхамеджанов көшесі, 32А үй, пошта индексі 050052.

10. Құрметті аудитор болуға үміткерлер!
Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесінің (АҚКК) Біліктілік комиссиясы 2025 жылдың 6 сәуірінен бастап 22 мамырына дейін 2025 жылдың маусым айының емтихандық сессиясына Қазақстан Республикасының аудиторы болуға үміткерлердің құжаттарын қабылдау басталғанын хабарлайды.
Өтініштің нысаны мен қажетті құжаттардың тізімі www.psad.kz сайтында Біліктілік комиссиясы/Емтихандардың кестесі бөлімінде көрсетілген.
Өздеріңізді қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша +7 727 249 76 02, +77017217803 телефон нөмірлері арқылы немесе kvalkom@psad.kz электрондық поштасына хабарласыңыздар.
АҚКК Біліктілік комиссиясы

ҚАТЕР

# САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

**Төтенше жағдайлар министрлігі тұрғындар мен туристерге арнайы ескерту жасады. Елімізде көшкін қаупі бар 619 учаске анықталған. Шығыс Қазақстан, Алматы, Түркістан және Жетісу облыстарының аумақтарындағы Алтай, Іле, Жетісу, Талас Алатауы мен Қаратау жоталарының беткейлері көшкін жүру қаупі бар аудандар болып саналады.**

Көктем мезгілінде, әсіресе наурыз-сәуір айларында, көшкін белсенділігі артады. Бұл кезеңде температураның күрт өзгеруі, қалың қар жаууы және қарлы борандар өздігінен көшкін түсуіне ықпал етеді. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлердегі биік тауларда бұл қауіп әсіресе жоғары.

Көктемнің басталуымен Алматы қаласының, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының тауларында көшкіндердің жиі өздігінен түсуі байқалады. Қар көшкіні қаупі бар кезеңнің басынан бері жалпы көлемі 11 754 м³ болатын 35 өздігінен түскен қар көшкіні тіркелді. Ең қауіпті аймақтарда тұрғындар мен туристер үшін тәуекелдерді азайту мақсатында алдын алу шаралары, соның ішінде қар көшкінін жасанды түсіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, 94 профилактикалық көшкін түсіріліп, түскен қардың жалпы көлемі шамамен 131 151 м³ құрады. ТЖМ тау беткейлеріндегі қардың тұрақсыздығына байланысты қар көшкінін тудырмау үшін таудың қарлы беткейлеріне және тауға бармауға, сондай-ақ тауға барудан бас тартуға кеңес береді.

ТЖМ тау беткейлеріндегі қардың тұрақсыздығына байланысты қар көшкінін тудырмау үшін таудың қарлы беткейлеріне және тауға бармауға, сондай-ақ тауға барудан бас тартуға кеңес береді, – делінген ТЖМ хабарламасында.

Төтенше жағдай орын алса не істеу керек?

Егер табиғи апат салдарынан қауіп төнсе немесе жолда төтенше жағдайға тап болсаңыз, жедел түрде «112» нөміріне хабарласу қажет. Құтқарушылар тәулік бойы жұмыс істеп, тұрғындарға жедел көмек көрсетуге дайын. Министрлік азаматтарды тек ресми дереккөздерге сеніп, жалған ақпараттардан сақ болуға шақырды. Сонымен қатар, халықты ауа райының өзгерісін мұқият бақылап, қауіпсіздік шараларын ұмытпауға үндеді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**«Заң газеті»**

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ИП «Profy Agency kz»**
**Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.**
**г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509**
**e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.



# ЖЕБІР

*(Соңы. Басы №18 санда)*

Кіші қызметкерге телефон нөмірін тексеріп, қоңырау соғушы жайлы барынша толық ақпарат беруін тапсыра салысымен Болат бастаған, Абылай қоштаған топ атқа қонды. Серғали қоңыр сөмкені қолына қыса ұстап, аялдамаға келгенде телефоны шырылдады. Із кесушілер олардың сөздерін қосарлана тыңдап отыр.

– Аялдамадағы сәкіге отыр, сөмкені жаныңа қой. Сосын бес минут отыр да, сөмкені қалдырып, орныңнан тұрып кет.

Басшы бұйрық берушінің айтқанын бұлжытпай орындады да, тез-тез басып, ұзап кетті. Өзін барынша сабырлы ұстауға тырысуда. Бірақ өн бойынан қобалжу мен өкіну байқалып тұр. Аялдамада алдын ала келісілгендей екі полиция қызметкері автобус күткен қыз бен жігіттей болып, бей-жай сөйлесіп тұр. Үстеріне киген киімдеріне қара көзілдіріктері жараса қалыпты. Абылай жедел топпен бірге көлікте отыр. Қолына рацияны тас қылып ұстап алған. «Сөмкеден көз алмаңдар. Үстіне қонған шыбынды да ескеріңдер. Айналасында болып жатқандарды да жіті бақылаңдар», – деген Абылайдың дауысы саңқ ете қалды. Өте жауапты, шешуші кезең. Мүлт кетуге болмайды. Аялдамаға автобустардың бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Егесіз сөмкеге үш-төрт адам ежірейе қарады. Бірекеуі ашып көрмек болғанда, егде тартқан ер кісі телефонын қолға алып, сөмкені қолымен нұсқап, бірдеңе деп сөйлеп жатыр. Телефонын қалтасына салғасын абайлап басып, сөмкенің жанына барып тұрды. Полиция қызметкерлері келгенше күзете тұрмақ болар. Мұндай саналы, байқампаз азаматтардың бар болғаны қуантады. Сол сәтте үй артынан бір топ қыз-жігіттер шыға келді де, аялдамаға тоқтаған автобусқа өре жүгірді. Абылайдың іші қылп ете қалып, машинасынан шыға жүгірді. Аялдамада топалаң басталды. Топ ішіндегі бір бозбала сөмкені ала жөнелмек болды. Байқампаз аға жас жігіттің жағасына жармаса кетті де, қыз бен жігіт болып тұрған полиция қызметкерлерінің бір-екі сөзінен кейін олардың қолына ұстата салды. Аға қарымды екен, бозбала қанша жұлқынса да, құтылып кете алмады. Қыз-жігіттер жан-жаққа шашырай қашты. Екеуі қолға түсті. Ұсталғандарды полиция бөліміне алып кетті.

Арнайы операция біткесін машинасына қайтып келген Абылай көлігінің фары сынғанын көрді. Жоғарыдан оқ атылған. Ол төбеге қарады. Жанындағы бес қабатты үйдің шатырынан атылғанға ұқсайды. Машина астында жатқан оқты қолына алып, қарады. Қазір жиі қолданылып жүрген автомат оғы екен. Әлден соң полиция қызметкерлерімен бірге шатырды тексеріп шықты. Із қалмапты. Подполковник жолдастарын шығарып салып, машинасының жанына қайта келді. Осы сәтте Абылайдың жанынан мөлдір көзді сұлу әйел бұған сұқтана қарап, өте шықты. Таныс көз, таныс көзқарас. Қайдан көргені есіне түспеді. Кездейсоқ кездесу емес екенін түйсігімен ұқты да, соңынан жүрді. Әйел жылдам басып, бұрышты айнала берді де, дайын тұрған таксиге мініп кетті. Абылай көлігіне жүгіріп келіп, от алдырды да, сұлудың соңынан қуды. Такси жүргізушісі шебер екен, машинаны жылдам айдап, бұны адастырып кетті. Абылай салы суға кетіп, полиция бөлімшесіне барды. Болатқа такси нөмірін айтып, жүргізушіні тауып беруін өтінді. Кіші қызметкер мәлімет берді. Серғалиға бұйрық берген адамның нөмірі психикалық ауытқуы бар науқасқа тіркелген екен. Одан басқа мәлімет табу мүмкін болмады. Ұсталғандардан сұрақ-жауап алып жатыр екен. Еш жерде тұрақты түрде жұмыс істемейтін, оқымайтын жастар болып шықты. Олар бүгін стадионда өткен атышулы әншінің концертінде танысыпты. «Концерттен кейін жұлдыз-әнші «Жарқыра» дәмханасында таңдаулы адамдарға арнайы кеш өткізеді, сұхбат береді» дегенді естіп, солай қарай бара жатқан беті екен. Болат ол әншінің продюсеріне хабарласып, аталғандай кеш өткізу олардың жоспарында болмағанын білді. Сөмкені алмақ болған жігіттен басқа екеуін босатып, тергеушілер басты күдіктіні арнайы тергеу бөлмесінде жан-жақтан қыспаққа алды. Абылай жапсарлас салынған, жасырын бөлмеде тергеу барысын бақылап отырды.

Бозбала тергеу бөлмесіне кіре салысымен:

– О! Мына жерді жөндеп қойыпсыңдар ғой. Айлықтарыңнан ақша жинап, адам жалдап жасаттыңдар ма, әлде өздерің боядыңдар ма?– деді еркінси сөйлеп.

Сосын қабырға орнына жапсырылған арнайы шыныға барынша жақындап, көзімен тесіп жіберетіндей қарады да:

– Саламатсыз ба? – деді жымысқы жымиысын жасырмай. – Мынаның орнына жұмсақ орындық қоюға ақша жетпей қалды ма? – деді орындыққа отырғасын.

– Аты-жөнің кім?– деп сұрады Болат оның сөздеріне мән бермей.

– Жамандықұлы Шабыт.

Шабыттан мардымды жауап ала алмады. Ол сөмкені досының сөмкесі деп ойлап, сондықтан алмақ болған екен. «Мен ештеңе айтпаймын. Себеп – мен ештеңе білмеймін» дегеннен танбады. Абылай оның ештеңе айтпасын түсінді де, бөлмеден шығып, жедел өкілдер отырған бөлмеге барды. Жігіттер такси жүргізушісін тапқандарын, оны қызметкерлер бөлімшеге алып келе жатқанын хабарлады.

– Мен ол әйелді өз өтініші бойынша «Грамад» сауда орталығының алдында қалдырып кеттім. Одан басқа ол жайлы ештеңе білмеймін, – деді жүргізуші тергеу барысында.

Подполковник тағы біраз жайларды жәукемдеп көріп еді, онысынан түк шықпады. Әлден соң Болат Шабыттың дәретхана терезесінен қашып кеткенін хабарлады. Сол арқылы істің ақ-қарасын ажыратамыз деген үміт үзілді. Із кесу жұмыстары тағы да тұралап қалғанын түсінген Қайсеновтың ұнжырғасы түсіп үйіне қайтты. Дәлізге кіре берісте оны такси жүргізушісі соңынан қуып жетті.

– Сізді «Алтын» дәмханасындағы үшінші бөлмеде күтіп отыр. Барыңыз. Қызық кездесу болады, – дегенді айтты да, ол кері бұрылып, тез-тез басып кете барды.

Абылайдың желкесі тартып, шаршап тұрса да, айтылған жерге баруға асықты. Жолшыбай Болатқа телефон соғып, өзінің қайда бара жатқанын айтып, өзіне қорған қажет болуы мүмкін екенін ескертті. Капитан жарты сағаттан соң аталған жерге барып, мұны сыртта тосып отыратын болды. Дәмханада Абылайды мөлдір жанарлы сұлу қарсы алды.

– Абылай хан, танырың ғой. Әзер таныдың. Қатты өзгеріппін бе? Балалық шақтан бір сәлем.

Ол көзін төмен түсіріп, иіліп сәлем берді. Сосын кекете жымиды да, бұраңдай басып, орнына қайта отырды.

– Отыз бір жыл өтті, – деді сөзін жалғап.

– Айжан, бұл сенсің бе? Амансың ба, жарқыным! Мұнда қайдан жүрсің? – деді таңдана.

– Мен сені іздеп таптым. Сен ғана емес, мен де із кесе алам.

– Айжан... Жарайсың! Неткен тосын сый... Осындай да кездесу болады екен-ау! Отыз бір жыл ішінде қалай жолықпадық екен?

– Жолығу... Керек пе еді сол? – деп Айжан зорлана мырс етті. – Мен сенің дәмді өміріңді бұзып жіберуім мүмкін ғой. Абылай хан, ойланып сөйле.

– Неліктен бұзып жібересің? Біз достар емес пе едік? Достық қалайша өмірді бұзады?

– Жолдас подполковник, көлгірсіме! Біз дос емеспіз. Қашан махаббат достыққа ұласып еді? Ешқашан. Мен саған ғашық едім, – деп Айжан тағы да мырс етті, – Өлердей ғашық едім. Сен тастап кеткенде мен өлдім. Өлді аңқау, таза Айжан. Оның орнына басқа адам пайда болды. Менің мінезім де, тегім де, түрім де, жасым да, құжаттарым да өзгерген. Есімімді де өзгерту керек еді. Өзгерте алмадым. Бірақ... Мен шынында да Ай жанмын ғой. Күн емеспін, гүл емеспін, жұпар емеспін, сұлу емеспін.

Айжанның жасаурап бара жатқан көздері бір нүктеге қадалды да, әлден соң жарқ етіп қайта жанды.

– Біз бұрын жолыққанбыз. «Қайда?» дейсің бе? Сот залында. Сен маған бірнеше рет қарадың. Қарадың. Бірақ көрмедің. Неліктен көрмедің? Білесің бе? Өйткені көргің келмеді. Мен ол кезде сен үшін тек бәлекөр, оңбаған едім.

– Қай сотта жолықтық?

– Сенің қатыныңды соттағанда.

Абылайдың үстінен біреу сұпсуық су құйып жібергендей болды. Бірнеше жыл бұрын мұның әйелі – Айна істі болған. Ол қатерлі ісікке шалдыққан бір науқас әйелге ота жасап, жатырын алып тастаған болатын. Ауруханадан шыққасын ол әйел Айнаның үстінен арыз жазды. Бастапқыда ол шу алысқа ұзамай, тоқтайтын шығар деп ойлап еді. Олай болмады. Ашынған әйел «мен жатырымды алып тастауға келісімімді берген жоқпын. Менің ана болғым келеді. Ол менің арманымды, үмітімді, өмірімді күл-талқан етті», – деп, үсті-үстіне арыз жазып, дауды ушықтыра түсті. Айна жадап-жүдеп, қатты қиналды. Іріген жатырды алып тастаудан басқа амалы болмағандығын айтып, шырылдаса да, оны бәрі жүре тыңдады. Жәбірленушіні ұйып тыңдады. Медицинаға қандай да бір өкпесі барлардың бәрі жиналып, бір жұдырық болып, дәрігерді тоқпақтады. Ол іске бірнеше атышулы блогерлер араласып, әлеуметтік желі арқылы бүкіл елді дүрбелеңге салды. Халық толқуын басу үшін құрбандық керек. Әлімсақтан бері келе жатқан заң солай. Ол жолы құрбандық Айна болуы тиіс екен. Оған Абылай жол бере алмады. «Дәрігер сотталып, түрмеге тоғытылғаннан кім, қандай пайда табады? Жеңіл жүрісті әйелдің бажылдағаны үшін тәжірибелі маман білімімен, біліктілігімен адамдарды емдеп, елге пайда берудің орнына, қамақта сарылып отыруы тиіс пе?» – деп ойлаған Абылай әріптестерімен бірге істі жан-жақты қарастырып, әйелін ақтайтын көптеген жайды анықтады.

Жан досы Ақыл Айнаның адвокаты болуға келісті. Мықты адвокат ату жазасына кесілген адамды да ақтап ала алады. Абылай мен Ақыл сот отырысына сақадай сай болып, дайындалып келді. Бұған дейін барынша қарсыласып, Айнаны соттатпай тоқтамайтындай болған жәбірленуші істі талқылау басталмай жатып-ақ бір сөзбен бар мәселені шешіп беріп еді. «Кештім» деген сөзімен. Абылай абдырап, оған тесіле қарады. Еліктің лағындай сүп-сүйкімді, жап-жас әйел екен. Көздері түйісті. «Жанары тым мөлдір екен» деп ойлағаны есінде. Одан бері оншақты жыл өтті. Сол арыз жазушы Айжан болғаны ма? Жоқ. Олай болуы мүмкін емес.

Айжан бұған сынай қарап отыр екен. Ойының үстінен дөп түсті.

– Иә. Сол Айжан менмін. Көбейгім келіп еді. Әкемнен басқа жақының жоғын білесің. Ал сенің жан жарың менің жатырымды алып тастады. Мен екінші рет өлдім. Өліктің өлгені қызық болады екен.

Айжан төмен қарап, көзімен үстелді тесіп жіберердей болып отыр. Қол-аяғы қарысып қалғандай. Әлден соң бойын тіктеді де, сөзін жалғады.

– Сол күндерде менің жанымда бейшара әкем ғана болды. Менімен бірге құлады. Менімен бірге жылады. Есімді жиып, етегімді жапқасын, мен тас-түйін боп алға ұмтылдым. Түрлі қарекет жасадым. Ақша жинадым. Өзіме және әкеме пәтер сатып алдым. Біз баспаналы болдық. Ал ендігі арманым – әкеммен бірге шетелді аралап, саяхаттап жүру. Мүмкін сонда ауыр ойлардан құтылатын шығармын. Бірер минуттан кейін есіне бірдеңе түсіп кеткендей болып:

– Айтпақшы, біздің тағдырымыз тағы да бір рет түйіскен. Бірер жыл бұрын сенің қарындасың Айғаным Дарын есімді жігітке тұрмысқа шықпақ болмап па еді? Ол жігіт оны тастап кетті. Қарындасың ұзақ қайғырды ма? Айғанымға айт, қайғырмасын. Арманның орындалмауы Құдайдың ең қымбат сыйы болуы мүмкін. Дарын – Жақсылық Дәметкен деген өте нашар адамның ұлы. Мен оны азғырып, үйленбек болған райынан қайтардым. Не қыласыңдар ондай құданы, күйеу баланы? Солай, Абылай хан. Мен сенің періштеңмін. Көзге көрінбейтін. Қазір тағдырымыз төртінші рет түйісіп тұр. Өтінгенім әрі құтқарғаным деп біл, ойыннан шық. Серғали – көптеген арсыз жемқордың бірі. Аяудың қажеті жоқ. Біз оны жем қыламыз. Сенде менің шаруам жоқ. Басқалардың шаруасы бар. Серғали үшін амалдауды емес, өз амандығыңды сақтауды ойла, Абылай хан, – деді.

Серғалиды бопсалап жүргендердің бірі Айжан екен. Абылай сене алар емес. Құлағы шулап, соңғы сөздерін есітпеді.

Әлден соң жөткірініп барып, қабағын түйді де:

– Айжан, мен сені о баста тастап кеттім. Оның рас. Балалық болды. Ақымақтық болды. Ол үшін кешірім сұраймын. Сен менің жақындарымды құтқарған екенсің. Ол үшін алғыс айтамын. Бірақ кінәлі болу мен қарыздар болуды артып тұрып, мені жолымнан тайдыра алам деп ойласаң, қателесесің. Серғали менен емес, полициядан көмек сұрады. Ал полицияға түскен арыз орта жолдан менің қалауыммен қысқартылып қалмайды, – деді Қайсенов.

– «Көмектесем» дейсің бе? (Айжан ысылдай күлді) Жолдас подполковник, жалған сөйлеме! Ол сені жалдады. Абылай хан, сен жалшы ма едің?!

Айжанның көздері найзағайдай болып Абылайдың өн бойын тіліп өтті.

– Ол сені қанша ақшаға жалдады? Сол ақшаны мен берем саған. Араласпа!

– Біріншіден, сендер оған тым көп салмақ салдыңдар. Ол оны көтере алмайды. Оның сотталып кеткенінен сендер ештеңе ұтпайсыңдар. Екіншіден, ол мені жалдаған жоқ. Мен одан бір тиын да алмадым. Үшіншіден, мен қолыма алған істі соңына дейін жеткізбей қоймаймын, – деді Қайсенов байыпты үнмен.

– Қандай салмақ салдық? Сонша жылдан бері жалаңдап жинағанымен бөліскенін қалаймыз. Бар болғаны сол. Елу миллионы болмаса, үйін сатсын, дамбалын сатсын. Арын, абыройын баяғыда сатып жіберген. Одан кейін не тұрыс?

– Бұл жерде мәселе тек ақшада болып тұрған жоқ. Оның сүйіктісі сендердің қолдарыңда. Оған ажал төніп тұр. Серғали сол үшін де күреске шықты.

– Абылай хан, сен әлі түсінбедің бе? Оның сүйікті Айжаны менмін.

Абылайдың оң жақ самайы жыбырлады, жүрегі соғуынан жаңылды. Ежелгі кеселі нышан берді. Айжан... Ай... Жан...

– Айжан, сен мұндай емес едің ғой.

– Мен қартаюдамын. Құжат бойынша жасым отыз бесте. Ал шынында қырық жетідемін. Пластикалық оталар сыртыңды жасартады, ішіңді жасартпайды. Бізге ақша керек, саяхат керек. Біз қашанға дейін жетім-жесірдің кебін киюіміз керек?! Шалқып өмір сүргіміз келеді. Хақымыз жоқ па? Бұл – менің соңғы аларым. Аянбаймын. Аямаймын. Жолымнан қаш, Абылай! Бұл жолы қағып өтем!

**Болай ТҰРҒЫНБЕК**

***(Жалғасы бар)***

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. |
| | Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 6481 дана**
**Апталық таралым 12 962 дана**

Тапсырыс №43 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31